

# ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 189 (9507) || 1954 жылғы 22 Сентябрь Сәрсенбі || Шығуына 35 жыл, жеке саны 20 тыйын.

## БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

Құрмет тақтасы (1-бет).  
Т. Кәкімов. — Дәрменсіз басшы, нәтижесіз іс (1-бет).  
ПАРТИЯ ОҚУЫ ЖҮЙЕЛЕРІНДЕ ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫН  
ҰЙЫМШЫЛДЫҚПЕН БАСТАЙЫҚ: Д. Әуелбеков. — Табыс сыры—оқуды дұрыс ұйымдастыруда. Н. Щеголева. — Жаңа оқу жылын бастауға әзірміз. И. Прядко. — Тыңдаушылардың ынталылығын арттыра білу керек. Х. Нұғыманов. — Коммунистердің оқуы дұрыс ұйымдастырылсын. Ж. Жолмұқанов. — Партия оқуындағы маңызды буын (2-бет).  
Б. Сәлменов. — Маңызды іске мән бермеушілік (3-бет).

Б. Сүйіндіков. — 840 гектар зяб жыртылды (3-бет).  
Ә. Сүлейменов. — Қыстың қамын қысылғанда ойлайтындар (3-бет).  
ОЗАТ ТӘЖРИБЕ КӨПШЕ ОРТАҚ: Н. Попов — Тың және тыңайған жерлерді игерудегі тәжірибеміз (3-бет).  
КІНО: А. Бәделханов. — «Біз сізбен бір жерде кездескен сыяқтымыз» (4-бет).  
БҰҰ Бас Ассамблеясының тоғызыншы сессиясына ССРО-ның делегациясы (4-бет).  
Шетел хабарлары (4-бет).

## Картоп пен овощ өнімдерін жыйнауды және дайындауды үлгілі өткізейік

Коммунистік партия мен Совет Үкметі еліміздің ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдына картоп пен овощ өндірісін қала мен өнеркәсіп орталықтары халқының, өңдеуші өнеркәсіптің қажетін қана емес, оның үстіне мал шаруашылығының картоп жөніндегі қажетін толық қанағаттандырады деген міндетті жеткізу міндетін қойды. Бұл міндетті жүзеге асыру ісіне зор үлес қосу үшін біздің облысымыздың колхоздары мен машина-трактор станцияларында және совхоздарында мүмкіншілік жеткілікті.

Облысымыздың колхоздары мен МТС, совхоз жұмысшылары сол мүмкіншіліктерді пайдалана отырып, үстіміздегі жылы картоп, овощ дақылдарының егіс көлемін едәуір ұлғайтты. Тек колхоздар ғана өткен жылымен салыстырғанда быыл картопты 960 гектар, овощ және бақша дақылдарын 200 гектарға жуық көп екті. 2600 гектар картоп шаршыланды және шаршы-ұялап отырғызылды. 1 миллион 600 мың шымтезек-шірінді құмыралары әзірленіп, оларда овощ дақылдарының жақсы көшеттері өсірілді. Картоп, овощ егістерін жазда күтіп-баптау жұмысы көптеген колхоздарда деркесінде және жоғары сапада жүргізілді. Мұның барлығы колхоздарда картоп пен овощ дақылдарының бітік өсірілуіне жағдай жасады.

Кәзір картоп пен овощ дақылдарын жыйнаудың кезеңі туды. Бұл—картоп, овощ өндірудегі ең жауапты кезең болып табылады. Әйткені, бұл дақылдарды қалшама мол өсіргенмен, оны жыйнау жұмысы үлгілі жүргізілмесе, өнімнің пайдаға аспай қалуы мүмкін.

Картоп пен овощ дақылдарының өнімін жыйнауға ойдағыдай әзірлікпен кіріскен колхоздар жоқ емес. Мәселен, Петропавл ауданындағы Сталин атындағы колхоздың өнеркәсіпшілері картоп пен овощ өнімдерін жыйнауға ойдағыдай әзірлікпен келіп, оны ұйымшылдықпен жүргізуде. Мұнда картоп өнімін жыйнау арнаулы картоп жыйнағыш комбайнмен жүргізіліп келеді. Комбайнды маман және тәжірибелі комбайншы Лехнер жолдас басқарады. Ол картоп жыйнағыш комбайнның қуатын өнімді пайдалану жөніндегі озат әдістерді өз ісіне қолдана отырып, күн сайын 3,5 гектар орнына, 3,8—4 гектар картоп жыйнап жүр. Колхоз картоптың әрбір гек-

тәген аудандардың колхоздарында осы уақытқа дейін картоп пен овощ дақылдарының өнімдерін сақтайтын арнаулы қоймалар жеткілікті мөлшерде емес. Аудан, МТС, колхоз басшылары картоп, овощ дақылдарына, әсіресе, бұл дақылдардың тұқымына орын әзірлеуді қамтамасыз етпеді. Мұның өзі көп колхоздарда картоп пен овощ өнімдерін дұрыс сақтау ісін едәуір қиындатып отыр.

Сентябрь—картоп және овощ дақылдарын жыйнаудың шешуші айы. Бұл дақылдардың өнімін жыйнауды сентябрь айынан бастау керек, оны суыққа ұрындырып, үсітіп алу, сөйтіп, мемлекет пен колхоз мүддесіне зиян келтіру болып табылады. Сондықтан жергілікті партия ұйымдары мен совет, ауыл шаруашылығы орталықтары картоп пен овощ дақылдарын жыйнауға күнбе-күн жанды басшылық етіп, бұл жұмысқа күш-мүмкіншіліктерді тиімді пайдалануды ұйымдастыруға міндетті.

Облыс МТС-теріндегі картоп жыйнайтын комбайндардың саны олардың қамтуындағы колхоздарға жеткілікті мөлшерде емес. Мұның өзі көптеген колхоздардың басшыларынан картоп жыйнау жұмысына қолда бар басқа құралдарды тиімді пайдалану йон шебер ұйымдастыруларын талап етеді. Осыған байланысты колхоз басшылары картоп өнімдерін жыйнауға атқа жегілетін плугтерді кеңінен пайдалануды ұйымдастырулары қажет. Сонымен бірге, картоп жыйнау жұмысына мүмкіншілігіне қарай колхозшылардың көпшілігі қатыстырылып, олардың күндіз жұмыс тапсырмаларын толық және асыра орындауларына жетісу керек.

Картоп пен овощ дақылдарын жыйнауды әрбір колхозда тез және жоғары сапада өткізу үшін колхоздардың бастауыш партия ұйымдары, сондай-ақ аудандық партия комитетінің МТС аймақтары жөніндегі партия топтарының қызметкерлері және колхоз бен МТС мамандары жұмыс үшін дұрыс орналастыру, еңбек тәртібін нығайту, еңбек оесептеуді және қою, социалистік жарысқа басшылық ету жұмыстарында колхоз председателдеріне көмектесуге міндетті. Картоп, овощ өнімдерін жыйнауға дай бригадалық алда келе жатқанын, қай бригадаға көмектесу керек екенін қадағалап отыру партия ұйымдарының, МТС және колхоз басшыларының күнбе-күнгі басты ісіне айналды.

## ҚҰРМЕТ ТАҚТАСЫ

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ұсынуы бойынша егін жыйнауда жерары көрсеткіштерге не болған мына комбайншылар облыстық ҚҰРМЕТ ТАҚТАСЫНА жазылады.

### ВОРОШИЛОВ АТЫНДАҒЫ МТС БОЙЫНША

**ТАРАНКО** Иван Игнатьевич, «Сталинец-6» комбайнымен 20 жұмыс күні ішінде 533 гектар егін жыйнады.  
**МИХЕЛЬ** Николай Карлович, «Сталинец-6» комбайнымен 23 жұмыс күні ішінде 484 гектар егін жыйнады.  
**РЕГНЕР** Филипп Фердинандович, «Сталинец-6» комбайнымен 20 жұмыс күні ішінде 495 гектар егін жыйнады.  
**СЫЧЕВОВА** Антон Антонович, өздігінен жүретін «Сталинец-4» комбайнымен 25 жұмыс күні ішінде 350 гектар егін жыйнады.  
**АХМЕТОВ** Ильяс, «Сталинец-6» комбайнымен 20 жұмыс күні ішінде 495 гектар егін жыйнады.  
**ДУМРО** Иван Эмануилович, «Сталинец-6» комбайнымен 19 жұмыс күні ішінде 467 гектар егін жыйнады.  
**ГРИШЕНКО** Кирил Федорович, «Сталинец-6» комбайнымен 18 жұмыс күні ішінде 360 гектар егін жыйнады.  
**СОКОЛОВ** Валерий Павлович, «Сталинец-6» комбайнымен 19 жұмыс күні ішінде 432 гектар егін жыйнады.

### ПРЕСНОВ МТС-і БОЙЫНША

**БИШЕЛЬ** Адольф Петрович, «Сталинец-6» комбайнымен 19 жұмыс күні ішінде 543 гектар егін жыйнады.  
**БАБЧЕНКО** Алексей Егорович, «Сталинец-6» комбайнымен 22 жұмыс күні ішінде 496 гектар егін жыйнады.  
**ШЕПИЛОВ** Григорий Михайлович, «Сталинец-6» комбайнымен 24 жұмыс күні ішінде 567 гектар егін жыйнады.

### ТОРАНҒҰЛ МТС-і БОЙЫНША

**ӘДІЛБАЕВ** Әлкен, «Сталинец-6» комбайнымен 22 жұмыс күні ішінде 546 гектар егін жыйнады.  
**МАЛЮТИН** Николай Иванович, «Сталинец-6» комбайнымен 20 жұмыс күні ішінде 437 гектар егін жыйнады.

### НИКОЛАЕВ МТС-і БОЙЫНША

**ШЛЕЙДОВЕЦ** Рихард, «Сталинец-6» комбайнымен 10 жұмыс күні ішінде 341 гектар егін жыйнады.

## Картоп жыйнау ұйымшылдықпен жүргізілуде

Соңғы жылдары Сталин атындағы колхоздың (Петропавл ауданы) колхозшылары картоп және овощ дақылдарының көлемін едәуір ұлғайтып, одан мол өнім алуда. Өткен жылы колхозда 75 гектар картоп, ондаған гектар овощ дақылдары егіліп, колхоз шаруашылықтың бұл саласынан он мыңдаған сом пайда тапты. Колхозшылардың әрбір еңбек күніне 400 граммнан овощ берілді.

—Бірақ, бұл табыс бізді қанағаттандырмады,—дейді № 1 дала бригадасының бригадирі Мартын Степанович Лем-...

топ жыйнайтын бір комбайн жұмыс істеп жүр. Комбайншы Лехнер жолдас техника қуатын өнімді пайдаланудың нәтижесінде күн сайын 3,5 гектардың орнына, үнемі 3,8—4,0 гектар алдыңғы картоп-бін жыйнап, 380—400 центнер өнім алып жүр. Комбайнның өнімді еңбек етуіне тракторшы Петров жолдас та өзінің қажырлы еңбегімен зор үлес қосуда.

Колхоз басқармасы картоп және овощ дақылдарын жыйнау жұмысына транспорт күші мен жұмыс адамдарын жеткілікті бөліп, оларды қажетті құрал-сай-...

## Облыс аудандары мен МТС-терінде ауылшаруашылық жұмыстарының барысы туралы

20 сентябрьдегі мәлімет  
(Жоспардың орындалу барысы)

Аудандар	Мемлекет-ке астық тапсыру	Жыйналған дәнді дақылдар	Дайындалған пішен	Сүрленген шөп	Майланған сабан	Зяб жырты	Қуаңқ егу
Петропавл	65,2	90,8	41,6	34,1	14,0	28,2	73,1
Булаев	57,3	93,2	46,3	93,9	5,1	39,3	18,0
Совет	56,3	83,5	46,3	28,2	3,9	26,6	12,1
Конюхов	49,4	82,0	38,6	86,6	29,5	26,3	35,0
Полудень	46,5	74,7	32,1	52,4	6,0	17,0	55,2
Приешім	43,2	90,7	48,7	23,8	10,1	33,0	41,0
Октябрь	37,5	93,7	57,5	45,9	1,9	42,3	84,4
Мамлют	33,9	83,7	39,6	29,6	14,1	13,3	24,6
Преснов	33,6	93,0	50,8	41,5	9,7	43,8	75,5
Ленин	31,9	92,6	63,8	45,1	7,4	34,8	35,7
Соколов	31,8	72,1	35,7	47,1	11,2	15,7	70,4

МТС-тер	Жыйналған дәнді дақылдар	Дайындалған пішен	Сүрленген шөп	Майланған сабан	Зяб жырты	Қуаңқ егу
Торанғұл	99,9	60,6	50,2	—	46,6	82,1
Ворошилов	98,4	59,7	24,5	—	40,8	77,5
Николаев	98,2	50,0	42,3	10,8	35,5	29,4
Калинин	96,5	50,4	85,3	0,1	38,3	15,9
Ильич	96,3	64,1	54,7	—	29,1	53,4
Совет	95,7	48,7	33,5	3,6	35,5	17,5
Образцовая	95,5	58,5	19,4	12,3	49,3	27,6
Тимирязев	94,6	44,0	21,9	20,3	31,6	75,2
Преснов	93,4	54,3	52,3	9,7	37,6	88,6
Ленин	93,4	46,6	16,0	13,4	41,2	26,9
Майбалық	92,7	39,0	25,3	—	57,2	74,0
Куйбышев	91,1	66,7	65,1	—	36,2	20,0
Асанов	91,0	34,1	50,8	15,3	30,6	64,6
Петропавл	90,6	46,9	22,7	13,3	26,5	78,8
Булаев	90,6	44,1	100,0	9,3	40,2	19,8
Семипалка	90,4	47,1	77,4	9,8	31,0	90,5
Чапаев	90,2	43,5	24,9	19,7	17,3	15,0
Баян	90,0	60,2	46,7	18,9	43,0	78,5
Интернационал	88,6	46,1	23,8	12,2	14,8	17,3
Пушкин	88,2	65,7	47,1	24,3	23,0	58,6
Коновалов	87,3	62,6	39,6	—	40,8	88,4
Приешім	86,7	52,9	31,2	2,5	25,1	39,6
Чистяк	82,5	34,4	79,6	40,9	26,7	23,5
Налобин	82,4	34,4	45,6	11,7	12,7	71,6
Суворов	81,3	42,4	93,7	17,4	26,0	47,7
Шағлы	77,5	39,1	21,1	1,8	18,1	7,7
Полудень	74,9	32,5	42,8	9,4	17,6	47,9
Ново-Георгиев	74,4	31,5	68,4	—	16,1	68,4
Сартомар	72,3	58,3	37,8	8,1	24,8	10,1
Вильямс	70,2	29,4	42,1	7,6	—	—



# „Щит“ колхозында

## ТЫҢДАҒЫ БИДАЙ

«Щит» ауылшаруашылық артелінің колхозшылары Ворошилов атындағы МТС механизаторларының көмегімен былтырғы жаз бен быылғы көктемде 1226 гектар тың және тыңайған жерлер игеріп, бұл алаңға «гордиформа-10» қатты бидайын және «смена» бидайы тұқымдарын егген болатын. Жаңа жерлерге бітік егін өсті. Оның әрбір гектарынан 14-18 центнерден, ал, кейбір жеке участоктерден 20 центнерден өнім алынады.

Жаңа жерлердегі мол егінді жыйнауда комбайншы Иван Таранко алдыңғы қатарда келеді. Ол өзінің зайыбы штурвал

шы Александрамен бірге 12 жұмыс күні ішінде 350 гектар егін орып, 5 мың центнерден астам астық бастырды. Таранконың агрегаты тәулігіне 20-22 сараттан жұмыс істейді. Сол сыяқты, Леонид Черныт, Иван Горенко, Кандрат Брант және басқа комбайншылар да жоғары жоғары көрсеткіштерге ие болуда.

## ҚЫРМАН БАСЫНДА

Колхоздың қырманда күні-түні қайнаған еңбек. Комбайннан түскен астықты 16 автомашина және 4 ат көлік арбаны тоқтаусыз тасып жүр. Қырманға келген астық дереу тазаланып, дайындау пункттеріне жөнелтілуде.

Күтіп-баптау жұмыстары жоғары агротехникалық ережелерге сәйкес жүргізілмеді. Осының салдарынан дақылдардан аз өнім алынды.

Шынында да, колхозда картоп және оғаш дақылдарын егу жұмыстары қолмен жүргізілді. Бұл өнімнің аз болуына негізгі себеп болды. Быыл колхоз картоп егісінің көлемін өткен жылға қарағанда екі еседен артық ұлғайтты. 170 гектарға, оғаш дақылдарының көлемін 28 гектарға жеткізді. Картоп және оғаш дақылдары прогрессивтік әдіспен егілді. Күтіп-баптау жұмыстары жоғары агротехникалық ережелерге сәйкес жүргізілді. Осының нәтижесінде олардың шығымдылығы да жақсы.

Кәзір картоп егісінің әрбір гектарынан 100 центнерден өнім алынады. Мұнда кар-

—Колхозда оғаш дақылдарын жыйнау жұмысы да ұйымшылдықпен жүргізіліп келеді. Васильевич жолдас басқарған оғаш бригадасының мүшелері помидор және калустадан мол өнім алуға. Бригаданың озаттары Саботаж, Батрак жолдасстар өздерінің күнделікті нормаларын екі еседен орындап келеді. Кәзір бригада 9 гектар помидорды жыйнап болды.

Кәзіргі уақытта картоп пен оғаш өнімдері қала еңбекшілеріне көптеп сатылуда. Колхоз бұдан оң мыңдаған сом табыс алды. Быыл колхоздың оғаш шаруашылығының табысы 500 мың сомға жетпек.

## 3. ҚАЗНЕЕВ.

Петропавл ауданы, Сталин атындағы колхоз.

# ДӘРМЕНСІЗ БАСШЫ, НӘТИЖЕСІЗ ІС

«Партия мен үкметтің ауыл шаруашылығы алдына қойған міндеттерінің күрделілігі және өмірлік маңыздылығы партия және совет органдары тарапынан ауылшаруашылық өндірісінің барлық участоктеріне, әлшеусіз зор жетік және терең басшылық етуді, бұқараны ауыл шаруашылығын өркендетудің түбірлі мәселелерін шешуге ұйымдастыра білуді талап етеді», — делінген СОКП Орталық Комитетінің февраль-март Пленумының қаулысында. Бірақ, осы уақытқа дейін бұл маңызды нұсқаудың зор жауапкершілігін сезінбей, үстірт басшылық пен жал-нұсқаудан қол үзе алмай жүрген икем-сіз басшылар әлі де болаша ауылшаруашылық жұмыстарының аса жауапты участоктеріне орналасып алып отыр. Олар басшылық етудің творчестволық емес, тозығы жеткен жарамсыз стильдерін өз жұмыстарының әдетіне айналдырып, ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетуде партия мен үкмет алға қойған міндеттерді ойдағыдай орындауға кеселдерін тигізуде.

Міне, біз өңіміз еткелі отырған Ильич атындағы машина-трактор станциясының директоры Букатин жолдас нақ осындай басшылардың қатарына жатады. Жергілікті жерлердегі жағдайды жете білмей, үстірт басшылық жасау, пайдалы бұйрықтар мен орынсыз өкімшіліктерге салынып, еңбек адамдарының творчестволық жігерлеріне нұқсан келтіру оның басшылық стиліндегі ең басты «қасиетке» айналған.

—Шаруашылық жұмыстардың барысы орта дәрежеде, ал біздің жағдайымызда орта дәрежеде болу деген зор табыс, — деп жауап береді ол МТС қамтуындағы колхоздардың шаруашылық жұмыстары туралы.

—Неге сіздердің жағдайларыңызда орта дәрежеге қанағаттану басым? — десеңіз;

—Орта дәреже дегеніміз кәзіргі талаптардың дәрежесін қанағаттандырырлық деген сөз, — дейді ол, өз «философиясын» ашық айтып.

—Мені жақсы деп мақтамаса, жаман деп сөкпесе болды, орта бағаға көңілім

тоқ, — деген оның пікірінен орынсыз төкпей-ақсушілік сезіліп тұрады. Ал, бұл осы «ортаға» негізделген икемсіз басшылық МТС қамтуындағы колхоздардағы шаруашылық жұмыстарын кеңінен өрістетуге кері әсерін тигізбей отырған жоқ.

Ауылшаруашылық жұмыстарының қай саласынан болса да бұл МТС-тің қамтуындағы колхоздар көктемгі егісті дер-кезінде аяқтай алмады, қоғамдық мал үшін берік жемшөп қорын дайындау жоспары жартылай да орындалған жоқ. Ал, ауылшаруашылық жұмыстарының аса жауапты кезеңі — егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстары кәзір өте бауу жүргізіліп, төзгісіз кемшіліктерге ұрындырылуда. Өзгені айтпағанда, мұнда астық ысырабы кең орын алған. Тек Калинин атындағы ауылшаруашылық артелінде 438 центнер астық шіріп жетті, ал Аманкелді, Воровский атындағы колхоздардың егін даласында сабақта тұрған дәндер түсіп жатыр. Мұның өзі әр гектардан кемдегенде 1—2 центнер өнім ысырап болды деген сөз. МТС көлемі бойынша мемлекетке астық тапсыру жоспары небары 25-30 проценттей ғана орындалды. Өткен бескүндікте ауа райының өте қолайлы болғанына қарамастан астық тапсыру 7,4 процент ғана арттырылды. Кәзір МТС қамтуындағы колхоздардың еңбек даласында 6.000 гектарға жуық егін сабақта тұр. Ал, қырманда 40.000 центнерге жуық астық тазартылмай, үйіліп жатыр.

Колхоздарда шаруашылық жұмыстардың бұлайша нашар болуының себебі не?

—Табираттың құбылысына не шара, быылғы жылы жауын өте көп болды. Сондықтан да біз бұл сыяқты кемшіліктерге ұрындық, — деп жауап береді Букатин жолдас бұл сұраққа.

Шаруашылық жұмыстардың, әересе егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсырудың мұншалықты төмен дәрежеде болуының ең басты сыры, «быылғы жылы жауынның көп болуынан» емес еді, оның себебі — егін жыйнау жұмыстарында қолда бар орасан мол техника үшін сарқа пайдалана алмағандық-

тан және егіншілер мен механизаторлардың астық дайындау күресіне бір кісідей жұмылдыра алмағандықтан болатын.

Өзге техника күшін айтпағанның өзінде бұл МТС-те быылғы егін жыйнау маусымында оңдаған комбайн жұмыс істеуге тиіс еді. Бірақ, МТС басшыларының дайындық жұмысын ойдағыдай жүргізбеуі салдарынан мұнда егін орағы басталғанда небары 17 ғана комбайн жұмысқа шықты.

—Біз қайтейік, запас бөлшектер жеткіліксіз болғандықтан комбайндарды жөндеуді деркезінде аяқтай алмадық, — дейді Букатин. Ал, сол жоқ деген запас бөлшектер облыс орталығындағы қоймаларда бар. Асығыс жөнделген комбайндар егін орағына 10—15 күн кешігіп шықты. Бірақ, бұл соң шыққан комбайндардың бірде-бірі еңбек даласында мардымды жұмыс істей алған жоқ. Оған егін орадағы барлық комбайнның 50-нің егін орағы басталғалы бірде-бір рет күнделік норманы орындай алмауы айқын мысал бола алады. Механизаторлардың өнімді еңбек етуіне жағдай жасау, олардың материалдық және мәдени тілегін қанағаттандыру еске алынбаған істің бірі.

—Мен Украинадан Ильич МТС-не 9 август күні келдім, — дейді комбайншы Олейников, — ал, егін ораға 8 сентябрь күні ғана шыға алдым. МТС директоры күнде «ертең кел» деумен тек комбайн белгілеп берудің өзін 15 күнге дейін созды. Ал, сол берген комбайнды жарты ай бойы жөндеуге тура келді.

Олейников жолдас кәзір Аманкелді атындағы колхозда егін орып жүр. Бұл уақыттан бері оның агрегатына МТС басшыларынан бірде-бір адам болған емес.

—Хал-жағдайымыз ешкім келіп білген емес, ал МТС директорының жеңіл машинамен агрегат жанынан зыр етіп өгіп шыққанын талай көрдім, — дейді ол.

Букатинді сезімсіз басшы деп айтуға болмайды. Бірақ, оның осы сезімталдығы көбіне-көп өзіне жайлылық жағын ертерек қамтуға барыталады. Оған мына бір фактіні мысал етуге болады. Аудандық партия комитетінің бюро мәж-

лісінде Букатиннің колхоздарда аз болатындығы, көбіне МТС контторында отырып, бұйрық-нұсқаулар жазу арқылы «басшылық» жасайтындығы батыл сынға алынды. Бюро мәжлісі Букатиннің «бұдан былай оперативті түрде басшылық жасаймын, хателігімді мойындаймын» деген сөзін еске алып, оған ескерту жасады. Расын айту керек, бұдан кейін ол өзінің басшылық стилін өзгертті де. Әересе, Букатин жолдас колхоздарда болуды жиілетті. Бұл күндері оны колхоздың еңбек даласынан жиі көруге болады. Ал, осы жүрістің нәтижесі қандай? Пайдасы бар ма? Жоқ. Оған мысал ретінде мына жағдайды айтып етуге болады. Осы МТС-тің қамтуындағы Калинин атындағы ауылшаруашылық артелінде жуырда 438 центнер астық шіріп жетті. Бұл Букатин жолдас екі күннің бірінде барып жүрген № 2 бригаданың астық қырманда болған жағдай еді.

Аманкелді атындағы колхоздың еңбек даласында мың гектардан астам бидай түсіп жатыр. Оларды орауға комбайн жетпейді. Ал, бұл кезде Сталин атындағы колхоздың астық қырмандарында 4 жаңа комбайн астық елеуде тұрды. Рас, жуырда Букатин жолдас бұл комбайндарды Аманкелді атындағы колхозға жіберуге нұсқау берді. Амал не, уақыты өткеннен кейін қолданылған шара қандай нәтиже бермек?

Бұл күндері Ильич атындағы МТС-тің қамтуындағы колхоздарда егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру жұмыстары өте төзгісіз бауу жүргізілуде. Сонымен қатар, астық ысырабы да көп. Ал, бұл кемшіліктерді жоюдың нақтылы шараларын жүзеге асыру әзірше МТС басшыларының, әересе, оның директоры Букатиннің ойына кіріп те шығар емес.

МТС-тің және оның қамтуындағы колхоздардағы шаруашылықтың жағдайы осындай. Ал, Ленин ауданының басшылары орта цифрдың көлеңкесін паналаған дәрменсіз басшы Букатиннен енді неше рет үде күтер екен?

Т. КӘКІМОВ,

(Арнаулы тілшіміз).

өткен жылы алынған өнімнен 2 есе көп. Картоп пен оғаш дақылдарын жыйнау жұмысы осы аудандағы Пушкин атындағы, «Луч Ленина», «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздарында, Ленин ауданының бірқатар колхоздарында қызу жүргізілуде. Олар жыйналған өнімдерді қолма-қол көптіріп, дереу колхоз қоймаларына жеткізу жұмыстарын да ойдағыдай ұйымдастырып отыр.

Облыс колхоздарын тұтас алғанда картоп пен оғаш дақылдарының өнімін жыйнаудың кәзіргі барысы өте-өте қанағаттанғысыз. Мұны дәлелдеу үшін 20 сентябрьге дейін колхоздардағы 3045 гектар картоптың 70 гектары, 926 гектар оғаш дақылдарының 128 гектары ғана жыйналғанын айтудың өзі жеткілікті.

Бірқатар аудандардың, колхоздар мен МТС-тердің басшылары картоп пен оғаш дақылдарының өнімдерін жыйнауды көзекке қоюшылық сыяқты зиянды және қате әдеттің шырмауынан шыға алмай келеді. Копыхов, Полуцен, Совет, Приешім аудандарындағы колхоздардың бірде-бірінің осы уақытқа дейін картоп өнімдерін жыйнауға кіріспей отырғаны тек осындай зиянды әдеттің салдары деуіміз керек. Бұл аудандардағы колхоз, МТС басшылары дәнді дақылдарды жыйнау ісімен бірыңғай шұғылданып, картоп өнімін жыйнауды ұйымдастыру жөніндегі өздерінің міндеттерін естен шығарып алған. Ал, аудан басшылары колхоз председателдері мен МТС директорларынан және олардағы мамандардан картопты жыйнау жұмысын ұйымдастыруды қатаң талап етпейді. Олар колхоздарда болғанда картоп өнімдерін жыйнаудың жайымен таныспайды, тіпті, картоп және оғаш дақылдары егілген участоктерді барып көруді де өздерінің міндеті деп есептемейді. Көп-

Огород дақылдарын жыйнағанда, ең алдымен келесі жылдың егістері үшін тұқым әзірлеуге арналып өгілген участоктерді жыйнау керек. Тұқымдық өнімдерді сақтау ісін агрономиялық ережелерге сай ұйымдастыру қажет. МТС-тердің картоп және оғаш дақылдары жөніндегі агрономдары, сол сыяқты, колхоз агрономдары оғаш дақылдарын жыйнау кезінде үнемі жұмыстың басы-қасында болып, оғаш дақылдардың өңбегін ұйымдастыру ісіне, картопты және оғаш дақылдарының өнімдерін қазғанда оларды бүлдіруге, ысырап етпеуге көмектесуге міндетті.

Картоп пен оғаш дақылдарын жыйнауды үлгілі жүргізумен бірге, алынған өнімді дұрыс есепке ала отырып, оны мемлекетке тапсыру ісін ойдағыдай ұйымдастыруға аса назар аудару керек. Жыйналған өнімнің аңыз үстінде, немесе, колхоз қоймасында үйіліп қалуына жол бермей, қолма-қол дайындау орындарына жеткізіліп отырылуы — мемлекетке міндетті түрде картоп, оғаш өнімдерін тапсыру жөніндегі жоспардың толық орындалуын, МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу жөніндегі тапсырылған сметтар бойынша толық есеп айыруды қамтамасыз етеді. Сол сыяқты, басы артық картоп пен оғаш өнімдерін мемлекеттік сатып алу орындарына сатуды да осы бастан ұйымдастырған жөн.

Огород дақылдарын жыйнау, мемлекетке міндетті түрде картоп пен оғаш өнімдерін тапсыру және сату жоспарларын толық орындау — МТС, колхоз, басшыларының бүгін таңдағы маңызды міндеттерінің бірі. Бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асыру картоп пен оғаш өндірісін арттыра беру жөніндегі партиямыз қойған талапты ойдағыдай шешуді қамтамасыз етеді.

## МАРСЕЛЬ КАШЕН жолдасқа

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті, қымбатты Кашен жолдас, Сіздің 85 жасқа толған күнінде Сізге жазынды туысқандық сәлем жолдайды.

Француз және халықаралық жұмысшы қозғалысының ең қарт қайраткері, Француз Коммунистік партиясын құрушылардың бірі бола отырып, Сіз көптеген жылдар бойы француз халқының мүддесі, бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің жоғары идеялары үшін еңбектенудесіз.

Жұмысшы табының және бүкіл француз халқының ісі жолындағы, Отаныңыздың ұлттық мүдделері жолындағы, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік жолындағы қасиетті патриоттық күресіңізде Сіздің сау-сәлемет болып, бұдан былай да табыстарға жете беріңізді тілейміз.

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті.

## Археологиялық жаңа қазбалар

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Болашақ Бұхтарма теңізі ауданында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген ССРО Ғылым академиясының экспедициясы қайтып орады.

Ертедегі тас дәуірінде өмір сүрген адамдардың тұрған жерінде жүргізілген қазба жұмыстары назар аударады. Бұл жұмыс Бұхтарма ауданының Пещеры деревнясы маңында жүргізілді. Мұнда көптеген шапшаң тас құралдар, сондай-ақ биозондардың сүйектері табылды. Больше-

Нарым ауданының Усть-Нарым селосы ауданында жаңа-тас дәуірінде өмір сүргендердің белгі-қалдықтары: Шапшаң тас пышақтар, скрепкалар, тұрмыста қолданылатын басқа да заттар, сүйектен жасалған қанжар (оның жүзі жіңішке шапшаң тас пластиналардан жасалған) табылды. Осы ауданның Трушинцов деревнясында қола дәуірінде адамдар тұрған орында қазба жұмыстар жүргізілді. Табылған тас кетпелер мен тас плуг мұнда тұрған тайпалардың егіншілікпен шұғылданғанын көрсетеді.



# Партия оқуы жүйелерінде жаңа оқу жылын ұйымшылдықпен бастайық!

Бірінші октябрьде партия және комсомол оқуы жүйелерінде жаңа оқу жылы басталады

## Табыс сыры — оқуды дұрыс ұйымдастыруда

Өткен жылы партия оқуы жүйесінде болған ірі жемістілік партия оқуындағы еріктілік принципі өрескел бұрмаланып қалды. Кейбір партия ұйымдары коммунистердің жеке тілектерімен мүлде санаспай, оларды еріксіз, міндетті түрде үйірмелерге және мектептерге қатысуға мәжбүр етті.

Быйыл да облысымыздың кейбір партия ұйымдарында партия оқуы жүйесінде жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын ұйымдастыруда әлі де еріктілік принципіне жете түсінбеушілік, соның салдарынан коммунистерді партия оқуы жүйесіне орналастыруға формальді-бюрократтық көзқарас толық жойылмай келеді.

Мысалы, Петропавл аудандық тұтынушылар одағының бастауыш партия ұйымында (секретары Семенов жолдас) бес коммунист бар. Өткен жылы олардың бәрі де партия оқуы жүйесіне жатпайтын, қайдағы бір ойдан шығарылған үйірмеде «оқыған». Мұнда коммунистер не өздігінен, не үйірмелерде оқымады. Бұл жағдай аудандық партия комитетіне белгілі болса да, ондағылар бұл жағдайға мән бермеді.

Быйғы жылы бастауыш партия ұйымының секретары Семенов жолдас өткен жылғы кемшіліктерді қайталамау үшін жаңа оқу жылына дайындық жұмысын белсені жүргізуге тиіс еді. Бірақ, Семенов жолдас бұл мәселені ескермеді. Бастауыш партия ұйымының жыйналысында партия оқуы жүйесінде жаңа оқу жылына дайындықты ұйымдастыру мәселесі қаралмады. Бар ұйымдастыру жұмысын Семенов жолдас аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімі қай коммунистің партия оқуының қандай түрін таңдағаны жөнінде мәлімет сұрағанда ғана коммунистердің өздерімен жеке әңгімелеспей, формальді ақпар берумен ғана тындырған. Сол сияқты, аудандық комитет тұтынушылар одағының партия ұйымы коммунистерді партия оқуына қамтығанда олардың білім дәрежелерін ескермеген. Мәселен, тұтынушылар одағының председатели Муфтахутдинов жолдасы аудандық партия комитеті 5 кластық ғана білімі болғанымен есептеспестен, бірден үшінші

жыл оқытылатын аудандық партия мектебіне жазып қойған. Сұрастыра келгенде, Семенов жолдас бұл коммунистің білім дәрежесі қандай екенін де білмейтін болып шықты.

Петропавл аудандық тұтынушылар одағының бастауыш партия ұйымында мұндай тәсілсіз жағдайдың орын алып отыру себебі не?

Ең алдымен, Семенов жолдас партия ұйымының секретары бола отырып, коммунистердің ізгі міндеттерінің бірі — марксизм-ленинизмді қажымай-талмай үйрену, өзінің саяси дәрежесін үнемі арттырып отыру екендігін, тек сөйткенде ғана коммунист партияда жоқ бұқараға саяси басшы, партия саясатын еңбекшілерге жете түсіндіре алатын үгітші болатындығын ұмытқан.

Екіншіден, Петропавл аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімі (меңгерушісі Абримов жолдас) аудандық тұтынушылар одағының партия ұйымындағы мұндай тәсілсіз кемшіліктерді дерезінде ашып, партия оқуы жұмысын дұрыс жолға қоюға бағытталған нақтылы көмек көрсетпеген.

Партия оқуы жүйесінде жаңа оқу жылына әзірлік жұмыстарын ұйымдастыру, ауданның басқа да бастауыш партия ұйымдарында жеткілікті дәрежеде емес. Мәселен, аудандық финан бөлімінің партия ұйымының есебінде тұрушы коммунист К. Рамазанов жолдас партия оқуына тартылмаған. Ол-олма, не бастауыш партия ұйымы (секретары А. Ильина жолдас), не аудандық партия комитеті 1953 жылдың декабрінен бері жұмыссыз, үш ай бойы мүшелік жарналарды төлемей қойған бұл коммунистің қазір қайда тұратындығын да білмейтін көрінеді.

ҚКП Петропавл аудандық комитетінің насихат және үгіт бөлімі партия оқуы жүйесінде жаңа оқу жылын ұйымшылдықпен бастау үшін ауданның бастауыш партия ұйымдарына нақтылы, жанды басшылық жасай алмай отыр. Бұл бөлім басшылық жұмыстарын жергілікті жердің өзіне барып жүргізу, сөйтіп, ондағы жұмыстың жайымен жете танысу арқылы нақты көмек көрсету орнына, бастауыш партия ұйымдарынан жаңа оқу жы-

лына дайындық жөнінде жалаң, статистикалық мәліметтер жыйнаумен ғана тыянақтаған. Мәселен, аудан бойынша быйыл 93 коммунист өздігінен оқымақ. Бірақ, бұл коммунистердің қайсысы не оқиды? Бұл әлі белгісіз. Аудандық комитеттің насихат және үгіт бөлімі өздігінен оқымақшы коммунистердің бірде-біреуімен бұл жөнінде әңгіме өткізбеген, не жергілікті бастауыш партия ұйымдарында мұндай әңгімелердің өтуін қадағаламаған.

Партия оқуы жүйесінде өздігінен оқушылар үшін оқылатын лекциялардың цехті де сұрыпталып, бекітілмеген. СОКП тарихын, философияны, саяси экономияны және басқаларын өздігінен үйренушілер өздеріне қай жерде қандай тақырыпта лекция оқылатынын білмейді. Ал, мұндай жұмыс кезінде дұрыс жүргізілген болса, аудандық партия комитетінің коммунистердің өздігінен оқуын үнемі бақылап отыруына мүмкіндік туған болар еді.

Петропавл аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімі насихатшылар арасындағы жұмысты да ойдайлай жүргізе алмай отыр. Рас, насихатшылар кадры быйыл дұрыс іріктелген, насихатшылық жұмысқа көбіне білім дәрежесі жоғары, тәжірибесі мол коммунистер тартылған. Алайда, іс мұнымен бітпейді. Насихат және үгіт бөлімі күні бүгінге дейін насихатшылардың семинарын өткізген жоқ. Насихатшылар семинарының жоспары да жасалмаған. Насихат және үгіт бөлімінің нұсқаушысы З. Губаева жолдасының айтуына қарағанда, насихатшылардың алғашқы семинары 27—28 сентябрьде өткізілмеуі көрінеді. Ал, жаңа оқу жылының басталуының нақ алдында ғана болатын бұлай асығыс өткен семинардан насихатшыларға не пайда?

Облысымыздың кейбір партия ұйымдарында орын алып келген мұндай ірі кемшіліктерді үзді-кесілді жою үшін уақыт жетті. Насихат жұмысы СОКП Орталық Комитетінің орынды талаптарына сәй партия оқуына формальді-бюрократтық көзқарастан, дүмшелік пен жаттампаздықтан аулақ болуға тиіс.

## ПАРТИЯ ОҚУЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БУЫН

Коммунистердің басты міндеттерінің бірі—марксизм—ленинизмді үнемі үйреніп отыру болып табылады. Осы міндеттерді орындау жолында мен бірнеше жылдан бері диалектикалық және тарихи материализмді өздігінен оқып, үйреніп жүрмін. Мен өздігінен үйренушілерге арналған программаның қолда жоғына қарамастан, диалектикалық және тарихи материализм тақырыптарына сәйкес әдебиеттерді белгілі бір жүйеге келтіріп, оқып отырдым. Философияны меңгеруге марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерін жүйелі пайдаланып келемін. Олардың жеке шығармалары бойынша конспекттер жасап отырдым.

Мысалы, В. И. Лениннің «Материализм және эмпириокритицизм» атты шығармасы бойынша конспект жасамастан бұрып мен бұл еңбекті екі-үш рет оқып шықтым. Содан кейін мұндағы негізгі теориялық қағидаларды рет-ретімен бөлек дәптерге жазып алып, оларды өзімнің түсінуім бойынша баяндап, кейбір қағидаларға мысалдарды өзім келтіріп отырдым. Бұлай ету шығармадағы анықтамаларды терең, жан-жақты түсінуіме көмектесті.

Ал, диалектикалық және тарихи материализмді жеке тақырыптарын меңгеру үшін олардың әрқайсысына жеке дәптер шығардым. Бұл дәптерлерге жеке анықтамаларды жазып, қосымша материалдармен толықтырып отырдым. Әресе, маркстік диалектикалық әдістің төртінші белгісі (даму — қарама-қарсылықтардың күресі), социалистік революция теориясы тақырыптарына жыйнаған материалдарым жеткілікті болды.

Бұл материалдарды мен село жұртшылығы алдында баяндамалар және лекциялар жасағанда, колхозшылар арасында үгіт-бұқаралық жұмыстарды жүргізгенде кеңінен қолданып отырдым. Әресе, мұндай жұмысты жүргізгенде жергілікті колхоздың тұрмысына байланысты күні бүрлі дайындаған мысалдарым зор көмек көрсетеді.

Теориялық мәселелерді өздігінен үйренуде қиындықтар да кездесті. Ең алдымен селолық кітапханада қосымша әдебиеттер жеткіліксіз болды. Сондықтан да, мен кейбір қажетті әдебиеттерді жергілікті жерден 60 километр тұратын аудан орталығынан және «Знание» баспасынан алдырып тұрдым.

Екіншіден, өздігінен үйренушілер үшін консультациялар, лекциялар ұйымдастырылмады. Мұндай жұмысты аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімі ескермеді.

Марксизм-ленинизм теориясын өздігінен

## Комсомолецтер оқуының түрлерін анықтаудағы қателіктер жойылсын

Облыстың комсомол ұйымдарында комсомолдардың саяси оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылына дайындық аяқталып келеді. Көптеген комсомол комитеттері БКЖО мүшелерінің оқу түрін анықтауда еріктілік принципі, комсомолецтер мен жастардың тілегін, олардың дайындығы мен жұмыс жағдайларын ескерді.

Мысалы, Совет ауданында 697 комсомолецтер мен жастар саяси мектепке, 221 адам СОКП тарихын үйрену жөніндегі үйірмелерге (негізгі типті) қамтылып, 73 адам өздігінен оқу түрін таңдап алды. 100-ден аса комсомолецтер кешкі және сырттан оқытатын оқу орындарында оқиды. Бұл ауданда саяси мектептер мен үйірмелер дайындығы мол насихатшылар кадры бар іерлерде ұйымдастырылған.

Алайда, жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын жүргізуде кейбір аудандық және бастауыш комсомол ұйымдары өткен жылы орын алып келген өрескел қателіктерді әлі де қайталауда. Приешім және Конохов аудандарының комсомол ұйымдары барынша көп қамтуға ұмтылып, үйірмелер мен саяси мектептерді шектен тыс көп ұйымдастырған. Мұнда комсомолецтердің өздігінен оқу жөніндегі тілегімен есептеспеген. Конохов ауданының «Искра» колхозындағы комсомол ұйымы үш тыңдаушыдан саяси мектеп ұйымдастырды. Ал, бұлардың өздігінен оқуға мүмкіншіліктері бар еді. Осы ауданның Ново-Успен жетіжылдық мектебінде СОКП тарихын үйрену жөнінде үйірме (негізгі типті) ұйымдастырылып, оған 4 тыңдаушы жазылды. Ал, олардың екеуі жоғары оқу орындарында сырттан оқытып, ал қалғандары педагогикалық училищеде жақында ғана партия тарихын үйренген жолдастар. Сол ауданның өзінде Октябрь ауруханасының қызметкерлері үшін СОКП тарихын үйрену жөніндегі үйірме ұйымдастырылды. Бұл үйірменің тыңдаушылары негізінен орта білімді адамдар

болса да, насихатшылыққа тек жеті-жылдық білімі бар адам тағайындалған.

Соколов аудандық комитеті және бастауыш комсомол ұйымдары да қателіктер жіберді. Мұнда 11 саяси мектеп ұйымдастырылды. Ал, бұл ұйымдардың көптеген комсомолецтері өткен жылы саяси мектептердің программалық материалдарын толығымен өткен болса да, колхоздар мен МТС-терде СОКП тарихын үйрену жөніндегі бірде-бір үйірме ұйымдастырылған жоқ. Бұл ауданда өздігінен үйренушілердің жұмысын бақылау қызын болады деген желеуді бетке ұстап, БКЖО мүшелеріне өздігінен оқу түрін таңдап алуға мүмкіндік берілмеді.

Ауданның «Союзпечать» бөлімшелері мен көптеген партия ұйымдарында оқу құралдары жеткілікті болғанымен, үйірмелер мен саяси мектептерді оқу құралдарымен жабдықтауда ірі кемшіліктер бар.

БКЖО мүшелерінің өздігінен оқуына ерекше назар аудару қажет. Кәзірдің өзінде партия ұйымдарымен келісе отырып, өздігінен үйренуші комсомолецтердің жұмысына қалай көмектесу керектігін ойланшы, оларға лекциялар, консультациялар ұйымдастырылып, қажетті әдебиеттермен қамтамасыз етілуі керек.

Аудандық комитеттердің, бастауыш комсомол ұйымдарының басты міндеті— жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын жүргізуде жіберілген қателіктерді дөреу жою, қысқа мерзім ішінде үйірмелер мен саяси мектептерді тыңдаушылармен және насихатшылармен толықтыру, оларды оқу жоспарлары және оқу құралдарымен қамтамасыз етіп, жаңа оқу жылын ұйымшылдықпен бастау болып табылады.

Комсомолецтер мен жастардың саяси білімі облыс алдында тұрған шаруашылық міндеттерді шешуде олардың белсенділігін арттыру үшін көмектесетін болуы керек.

**Ж. НУРПЕЙІСОВ,**  
ҚКЖО облыстық комитетінің насихат жөніндегі секретары.

## Тыңдаушылардың ынталылығын арттыра білу керек

Үйірме сабағының мазмұнды, оның идеялық дәрежесі жоғары болуы тыңдаушылардың маркстік—лениндік ілімді үйренуге деген ынталылықтарын арттыра білуге тікелей байланысты. Мұны партия оқуының көп жылдық тәжірибесі айқын байқатты.

Насихатшы теориялық мәселелерді жақсы білумен бірге, ол кәзіргі оқығандарды және тыңдаушылардың алдында тұрған нақтылы міндеттері жа-

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Іленумының қаулысы жөнінде әңгіме өткізу үшін ең алдымен облыстың ауыл шаруашылығының таяудағы екі-үш жылғы перспективтік өркендеу мәселелерімен осыған байланысты финан қызметкерлерінің міндеттерімен таныстым. Бұл жөнінде сабақта нақтылы мысалдар мен фактілер келтірдім. Осыдан кейін тыңдаушылардың ынталығы бірден байқалды.

## Жаңа оқу жылын бастауға әзірміз

Қалалық денсаулық сақтау бөлімінің бастауыш партия ұйымында коммунистердің саяси оқуын ұйымдастыруда өткен жылы бірталай кемшіліктерге жол берілді. Бірақ, бұл кемшіліктерді қайталамау үшін жаңа оқу жылына дайындық жұмысын белсені жүргізуге тиіс еді. Бірақ, Семенов жолдас бұл мәселені ескермеді. Бастауыш партия ұйымының жыйналысында партия оқуы жүйесінде жаңа оқу жылына дайындықты ұйымдастыру мәселесі қаралмады. Бар ұйымдастыру жұмысын Семенов жолдас аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімі қай коммунистің партия оқуының қандай түрін таңдағаны жөнінде мәлімет сұрағанда ғана коммунистердің өздерімен жеке әңгімелеспей, формальді ақпар берумен ғана тындырған. Сол сияқты, аудандық комитет тұтынушылар одағының партия ұйымы коммунистерді партия оқуына қамтығанда олардың білім дәрежелерін ескермеген. Мәселен, тұтынушылар одағының председатели Муфтахутдинов жолдасы аудандық партия комитеті 5 кластық ғана білімі болғанымен есептеспестен, бірден үшінші

рихын үйрену жөніндегі жоғары типті бір үйірме, негізгі типті 6 үйірме таратылды да, 30 коммунистен 20 адам СОКП тарихын, диалектикалық және тарихи мате-

арнап оқылатын лекцияларға және консультацияларға қатысуын қадағалау өздігінен үйренуші коммунистердің оқуын бақылаудың түрлі формалары болатын







# Мезгілінде жыртылған зябь—мол өнімнің негізі

## МАҢЫЗДЫ ІСКЕ МӘН БЕРМЕУШІЛІК

Покровка селосының солтүстік-батысын ала Образцова МТС-нің қамтуындағы «Путь к социализму» колхозының егістік жерін аралап келе жатқанымызда, аңызда тоқтап тұрған бір трактор анадайдан көрінді.

—Бұл участкакті жыртып жүрген МТС-тің ең таңдаулы жас тракторшысы Коновалов еді, неғып тоқтап тұр екен?—деп МТС директоры Корнев жолдас сабырсыздана түсті.

—Мына бір 30 гектарлық участкакті жыртып едеуір уақыт болды. Тіпті бір жұмысым өнуді қойды, трактордың жүруінен тұрғаны көп, шлугтің жүздерін қайрау үшін МТС-ке жібергенімізге міне бес күн. Олар әлі дайын емес, біздің осындай заказдарымыз мастерскойда орындалмай жөн жатады, жұмысымызға үлкен кедергі келтіреді,—дейді тракторшы Коновалов жолдас ренжіген пішінмен.

Оның айтқаны өте орынды. Мастерскойда еңбек нашар ұйымдастырылған. Сырған бөлшектерді жөндеуге алмай кезек күтіп, бригада адамдарынан мастерскойда бірнеше күн жүрген механизаторларды жиі көресің.

«Путь к социализму» колхозының былай 3350 гектар зябь жыртуы керек еді. Осының әлі күнге дейін тең жарымы да орындалған жоқ. Бұған егін орағынан басаған тракторлардың зябь жыртуға толық қатыстырылмауы және трактор паркінің жұмысты нашар істейтіндігі негізгі себеп болуда. Мұнда үш трактордың сынып, тоқтап тұрғанына көп уақыт өткен. Мұнымен бірге колхоз басшылары зябь жырту сыяқты аса маңызды іске мән бермейтін болған. Олар егін орағы мен зябь жырту жұмыстарын тығыз ұштастыра жүргізе алмай отыр.

Колхозда зябь жыртудың жағдайы осындай. Мұнда аудандық партия комитетінің осы МТС аймағы жөніндегі секретары Великанов, МТС-тің бас агрономы Кожасов жолдастар жиі болып тұрады. Бірақ олардың өзі зябь жырту мәселесімен шұғылданбайды.

Зябь жырту жұмысы «Орталық» колхозында да нашар. Мұнда жоспар бойынша 2330 гектар зябь жырту керек болса, оның 772 гектары ғана жыртылған. Артельде кезір зябь жыртуға жүрген 6 трактор бар. Олардың жұмыс өнімділігі төмен. Оның үстіне агротехникалық ережелер берік сақталмайды. Әресе, № 11 трактор бригадасында жер қалай болса, солай жыртылады. Көп жерлерде ойдым-ойдым аландар мен атжалдар жыртылмай қалып жатыр. Бұл жағдайды МТС басшылары біле ме? Әрине, жақсы біледі. Жақында колхозға МТС-тің бас агрономы Кожасов жолдас та келіп, трактор бригадасында болды. Оның бригаданда болып механизаторларға бар айтқаны — зябь жыртудың қарқынын арттырыңдар деу

болды. Ал, сапасы жөнінен жұмған аузын да ашпады. Міне, мұның өзі оның жұмыстың сапасынан төрі санына ғана көбірек көңіл бөлетіндігін дәлелдейді.

«Еңбек», Аманкелді атындағы және Молотов атындағы, «Новый путь» колхоздарында да зябь жырту жұмысының қарқыны баю. Бұларда белгіленген жоспардың әлі жарымы да орындалмаған. Ал, «Новый путь» колхозында зябь жырту бір сменада жүргізіледі. Өйткені, жер жыртуға арнаулы тракторлар бөлінбеген. Тек комбайннан босаған тракторлар ғана жер жыртуға қосылады. Осының салдарынан зябь жыртудың жоспары МТС бойынша 49 процент ғана орындалды.

Зябь жырту жұмысының мұнша нашар жүргізілуіне ең алдымен МТС басшылары, оның директоры Корнев жолдас кірәлі. Ол жыл сайын МТС жұмысын жақсарту жөнінде облыстық және аудандық басшы ұйымдарға үнемі уәде беріп жүр. Алайда, МТС-тің жұмысында әлі өзгеріс жоқ. Ол-олма, МТС-тің бас агрономы Кожасов жолдас зябь жыртудан біз облыста үшінші орында келеміз деп мақтанғыш етеді. Ал, зябь жырту жоспары станцияда жартыдан та орындалмай отырғанымен оның жұмысы да жоқ.

Ильич атындағы МТС (директоры Букатин жолдас) өткен жылы зябь жырту жоспарын толық орындай алмады. Соның салдарынан МТС қамтуындағы колхоздар былай көктем егіс кезінде едеуір қышқылдыққа ұшырады. Егінді егу жұмысы мейлінше ұзаққа созылды. Оның үстіне бірсыпыра колхоздардың егінін арам шөп те басып кетті. Кезір бұл МТС-тің қамтуындағы колхоздар егін ору, мемлекетке астық тапсыру жұмысында да артта қалып қойды. Бұл сыяқты елеулі кемшіліктерден МТС басшылары былай да тиісті қорытынды жасаймай отыр. Станцияда зябь жырту жоспарының бүгінге дейін үштен бір бөлегі де орындалған жоқ.

ҚБП Ленин аудандық комитетінің жақында болған бюросында Ильич атындағы МТС-тің директоры Букатин жолдас-тың шаруашылық жұмыстарға басшылық етудегі кемшіліктері мен қателіктері қатты сына алынды. Аманкелді атындағы колхоздың председатели Жолдыбаев жолдас сөз алып былай деді:

— Жұмысымыз болып МТС-ке бара қалсақ, Букатин жолдаспен келісің, бірде-бір мәселе шеше алмаймыз, ол көбінесе телефон арқылы біреулерді сөгіп, біреулерге ұрысін жатады. Кабинетіне қызметкерлерін шақырып алып та ақырып-зекірумен болады, тіпті бізбен сөйлесуге де ұрыстан мұршасы келмейді. Ұзақ күн осындай айқай-шүмен өтеді. Бұдан ондәріске, болмаса колхозға келетін қандай пайда бар?

Мұндай сын бұл бюрода ғана емес, басқа

жыйналыстарда да талай айтылып жүр. Не пайда, Букатин жолдас олардан өзіне ешқандай қорытынды жасай алмай келеді. Міне, МТС-те зябь жырту жұмысының одқылыққа ұшырауының негізгі бір себебі осында деп білу керек.


Осы МТС қамтыттын Сталин атындағы ауылшаруашылық артели аудандағы ең ірі колхоздардың бірі. Колхоз үетіміздегі жылы үш мың гектардан аса зябь жырту керек. Бұл жоспарды орындауға күш-мүмкіншілік ұшан-теңіз. Колхозда 22 трактор бар. Мұның дені шымыр табанды қуатты тракторлар. Бірақ зябь жыртуға бұл мүмкіншіліктер толық пайдаланылмай келеді. Сондықтан зябь жырту жоспарының орындалуы 21 процент шамасында ғана болып отыр. Воровский атындағы колхозда зябь жырту екі сменада жүргізілмейді. Мұнда тракторлар түнде жұмыс істеуге бейімделмеген. № 1 трактор бригадасында 3 трактор электр жарығының болмауынан бір апта бойы жер жыртуға түнде қосылмай тұр. Ал, «Бірлік» колхозында жанар, жағар майлардың кезінде жеткізілуінен тракторлардың қарап тұруы да жиі кездеседі.

Механизаторлар арасында социалистік жарыс кең өрістелмеген. Әресе, Сталин атындағы, Аманкелді атындағы, «Бірлік», Калинин атындағы колхоздардағы трактор бригадаларында көрсеткіш тақталарға күндік жұмыс нормаларының орындалуы кезінде қорытылып жазылмайды, өндіріс мәжілістерінде социалистік жарыстың барысы талқыланбайды, қабырға газеті, жауынгерлік листоктар уақытында шығарылып тұрмайды, саяси үгіт жүргізілмейді. Бұл МТС-тегі бұстауыш, партия ұйымының секретары Силвантин жолдас механизаторлар арасындағы үгіт-бұқаралық жұмысына басшылық етуден мүлдем қалып қойған. Көбінесе ол шаруашылық жұмыстармен шұғылдануда. Ал, осы жағдайды аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі секретары Колосов жолдас көріп те, біліп те жүр. Амалше, бұл кемшіліктерді түзету, оған нақтылы басшылық етуді әзірше ойлап отырған ол жоқ.

Ленин ауданында зябь жырту жұмысының қанағаттанғысыз жүргізілуіне осындай елеулі кемшіліктер көріне бөлет болып отыр. Аудан бойынша зябь жырту жоспарының үштен бірі ғана орындалуы бұған толық дәлел.

Дерезінде жыртылған зябь — мол өнімнің негізі. Бірақ, Ленин ауданының басшылары (аудандық партия комитетінің секретары Плевако, аудандық Совет атқару комитетінің председатели Витожкин жолдастар) бұған жете мән бермей келеді. Сөйтіп, олар МТС-тер мен колхоздарда зябь жырту жоспарының сөзсіз орындалуына нақты басшылық етпей отыр.

Б. СӘЛМЕНОВ.



Сталин облысындағы Славянск құрылыс машиналарын жасау зауыты ауыл шаруашылығы заказдарын табысты орындап келеді. Кезір бұл завод сы- йымдылығы 250 литрлік бетон араластырғыш жасап шығаруда. Алғашқы 50 машина мерзімінен бұрын жасалып шығарылды.

СУРЕТТЕ: құрастыру цехының мастери Н. С. Мунтянов бетон араластырғышты селого жөнелтер алдында байқаудан өткізіп тұр.

Суретті түсірген С. Гендельман. (СОТА-ның фотохроникасы).

### Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде

Көрме жұмыс істей бастағаннан бергі 50 күн ішінде мұнда 5,5 миллион адам, оның ішінде ұйымдасқан түрде 156 мың экскурсанттар келді. Көрмеде 538 шетелдік делегациялар болды. Көрменің лекция залдары мен павильондарында сөз сөйлеп, ауыл шаруашылығының жүздеген алдыңғы қатарлылары өздерінің жұмыс тәжірибесі туралы әңгімелер өткізді.

20 сентабрде «Манеж» лекция залына жылқы өсірушілер лық толды. Аренада ореддық желгіш аттар «Квадрат» және «Горислава» — Москваның бірінші мемлекеттік жылқы зауытында өсірілген. Жылқышылар осы жылқы зауытының аға зоотехнигі Попов жолдасының ореддық желгіштерді өсіру жөніндегі хабарын сүйсіне тындады.

«Жер шаруашылығы» павильонында Москва түбіндегі Ухтомск ауданындағы Ворошилов атындағы колхоздың агрономы Симонова жолдас овоцтан мол өнім өсіру жөніндегі тәжірибесін ортаға салды.

(СОТА).

### ТУЛА ОБЛЫСЫНЫҢ КОЛХОЗДАРЫ МЕН СОВХОЗДАРЫ АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ ЖОСПАРЫН МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ОРЫНДАДЫ

Тула облысының колхоздары мен совхоздары партия мен үкметтің қарарла-

## Қыстың қамын қысылғанда ойлайтындар

—Қаланың мәдени-ағарту мекемелерінің қысқа әзірлігін сұрайсыз ба? Әзірлік өте жақсы,—деп бастады өзінің әңгімесін қалалық мәдениет бөлімінің инспекторы Адлер жолдас, қалың халккені ақтара дүсіп,—отын мен көмір дайындау үшін 6400 сом, жөндеу жұмыстарына 9200 сом қаржы босатылған. Бір кемшілік жаңадан екі пеш салын, бір пешті жөндеуіміз керек еді. Кіріпшіті қалалық жоспарлау бөлімі көп босатты, оның үстіне жердің саз, жолдың ауыр болып тұрғаны... Ол сөзін жүн суытқанша едеуір уақыт бар мой, бірдеме қылып салып үлгерерміз» деген сеніммен аяқтады.

Инспектордың айтқанынан көрініп отырғанындай қалалық мәдениет бөлімінің қарауындағы кітапханалардың қысқа әзірлігі мүлдем қанағаттанғысыз.

№ 1 қалалық кітапхана қаладағы кітап қоры бай кітапханалардың бірі. Ол ойқаланың тұрғындарын, көптеген оқу орындары мен өндіріс орындарын қамтыйды. Кітапхананың кітап оқушыларының саны да 1500-ден асқан. Кітапханада 72810 сомның кітаптары бар. Жаңа журналдар мен газеттер де толық алдырылады. Демек, кітап оқушылардың талабын толық өтеп отыруға мүмкіндік жеткілікті. Алайда, кітапханада істің жайы мұның керісінше.

№ 1 кітапхана үйіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмегеніне 15 жылдан асты. Кезір кітапхана үйі, әресе, оқу залы өте ескірген, жауынды күні дөбесінен су ағады. Ал, кітаптар сақталатын бөлменің жағдайы бұдан да нашар. Бөлме еденінің тақтайлары көп жылдан бері жақартылмағандықтан шірі бастаған.

—Қалалық мәдениет бөлімі керекті жабықтар сатып алатын қаржы босатпағанына 4 жыл болды,—дейді кітапхана меңгерушісі Юрєва жолдас,—кітап стеллаждары жетіспейді, сондықтан сатып алған кітаптарды жерге үйін қоюға тура келеді.

Кітапхананың оқу залы өте тар. Мұнда лекция, баяндамалар, кітап оқушылар конференциясы ұйымдастырылған кезде тыңдаушылардың көпшілігі коридорда тұруға мәжбүр болып жүр.

Үстіміздегі жылы күрделі жөндеу және үйді кеңейтудің жоспары жасалып, қалалық мәдениет бөлімінен қаржы босату сұралған еді. Неге екені белгісіз, бұл жоспар бекітілмей қалды. Жөндеу жұмысына небары 800 сом ғана қаржы босатылды. Ал, бұл қаржы кітапхананың ішін ағартып, сырлауға ғана жетті. Қаржы болмағандықтан жаңадан салынуға тиісті пеш салынбай отыр, қысқа керекті отын да дайындамаған. Ал, керекті отынға қаржы қалалық отынмен жабықтарға мекемесіне июнь айында төленген еді. Мекеме ағынды кітапхана жанына жеткізіп беруге міндеттенген. Алайда, олар өз уәделерін орындауға асығатын емес.

Қалалық мәдениет бөлімі ескірген кітаптарды түптеп, оның ұзағырақ пайдаланылуын қарастырмайтын көрінеді. Мысалы, № 1 кітапханада 500 сомның кі-

таптар қайтадан түптелсе, оны кітап оқушылар әлі де бірнеше жыл пайдаланған болар еді. Амал не, мұны қалалық мәдениет бөліміндегілер ескермей отыр.

Істің жайы № 1 техникалық және № 1 балалар кітапханасында да ойдағыдай емес. Жаз шыққан кезде № 1 балалар кітапханасына бұрынғы партия кабинетінің кітапханасына көшуге нұсқау берілді. Кітапхана бұл үйді жөндеуді орталаған кезде, қайтадан бұрынғы үйге көшуге бұйрық алды. Балалар кітапханасы пионерлер үйінің екі бөлмесіне орналасты. Мұнда кітаптарды сақтайтын арнаулы бөлме жоқ. Кітап стеллаждары жетіспейді. Кітапхана үйі өткен жылы пештердің жарамсыздығынан суық болған еді. Былай да қалалық жоспарлау бөлімі пеш салуға керекті кіріпшіті дерезінде босатпаған. Ал, кезір босатылған кіріпшіті өзін тасып алуға трансформт жоқ. Жаңа кітаптармен толықтыру жұмысы да нашар. Өйткені, қалалық кітап коллекторы оны жаңа балалар әдебиетімен қамтамасыз ете алмай отыр. № 1 техникалық кітапханада осы уақытқа дейін қаржы болмағандықтан керекті жабықтар сатып алынбаған.

Жаңа техникалық әдебиеттерді сұраушылардың саны күннен-күнге көбейе түсуде. Ал, жаңа кітаптар сатып алуға 8 мың сом ғана қаржы босатылған. Бұл жаңа әдебиеттерді және газет, журналдарды жаздырып алуға да жетіспейді. Қалалық мәдениет бөлімінің қарауындағы жаңа кітаптарды сатып алуға арналған 44 мың сомның 30-ақ мыңы босатылып, оның өзі әрбір кітапханаға дұрыс бөлінеуі таққаларлық іс.

Қалалық мәдениет бөлімі кітапханалардың жұмысына методикалық көмек те көрсете алмай отыр. Бұған негізгі себеп—мәдениет бөлімінде мамандығы бар методисттің жоқтығы болып отыр. Бұрын кітапханалар методикалық нұсқауларды облыстық кітапханадан алатын. Ал, кезір мұнда да арнаулы методист жоқ. Жүргізілетін жұмыстардың материалдарын кітапхана қызметкерлерінің өздері іріктеп алады. Бұл жұмыс істеуге көптеген қышқылдықтар туғызуда.

Мәдениет бөлімінің инспекторы Адлер жолдас кітапханаларда жиі болады. Алайда, ол болған кездерінде кітапхана жұмыстарына жете назар аударып, тиісті көмек көрсетпей келеді. Жоғарыдағы кемшіліктердің орын алуын мәдениет бөліміндегілердің өз қарауындағы кітапханалардың саны мен босатылған қаржылардың сомаларын ғана біліп, оны пайдалануға жағдай туғызбай отырғандығынан деуіміз керек. Ал, мәдениет бөлімінің меңгерушісі Осипов жолдас кітапхана үйлерін жөндеу туралы мәселені қалалық Советтің алдына әлі күнге қоймай отыр.

Кітапхана—еңбекшілеріміздің мәдениеті мен білімін көтеретін орны. Оның жақсы жұмыс істеуіне бөгет болатын кемшіліктерге жол беруге болмайды. Мұны қалалық мәдениет бөлімі қатты ескеруі тиіс.



пайдалануға жарамай отыр. Ал, егер осы

«ЛЕНИН ТУЫНЫҢ» ДАБЫЛЫНАН KEЙІН

«Басшылықтың бюрократтық-кеңсешілдік әдісі орын алған жерде»

«Ленин туы» газетінде 1954 жылғы 17 августтағы номерінде осы тақырыппен сын мақала жарияланды. Онда облыстық май өндірісі тресінің аппаратында басшылықтың бюрократтық-төресілдік әдісі орын теуіп келгендігі, трест басшысы Кусакин жолдастың жұмысқа басшылық ету әдісіндегі қателіктер, аппарат қызметкерлері арасындағы бұқаралық-саяси жұмыстың дәрежесі төмен екендігі, аппарат жұмысындағы кемшіліктер туралы айтылған болатын.

ҚКП қалалық комитеті газет сыны бойынша өзінің бюро мәжлісінде май өндірісі тресі партия ұйымы бюросының жұмысы туралы есепті тыңдап, партия бюросының және оның секретары Сухарева жолдастың жұмысын қанағаттанғысыз деп тапқан.

Сынға қысым жасағаны, жұмысқа басшылық етудегі жол берген қателіктері үшін Кусакин жолдасқа қатаң сөгіе беріліп, ол есеп карточкасына жазылған.

облыстық комсомол комитетінің және облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының Ауыспалы Қызыл Туына не болдык. Бұған жауап ретінде бригада мүшелері жыл аяғына дейін 15 аттық күші бар трактормен 1100 гектарға дейін жер жұмыстауға міндеттенді.

Біздің ауылшаруашылық жұмыстарын атқаруда және техника күшін пайдалануда мұндай зор табыстарға не болуымыздың басты себептері неде? Алдымен бригадада еңбек дұрыс ұйымдастырылды. Әрбір механизатор еңбек өнімін арттыруда өзара социалистік жарысқа түсіп, оны орындау жолында аянбай еңбек етті. Механизаторлар еңбекті колхозшылармен тығыз ынтымақта істеп келеді.

Еңбектің дұрыс ұйымдастырылуы үшін әрбір тракторшыға маусымдық жұмыс тапсырмасы беріліп, сменалық тапсырманың толық орындалуы қадағаланып отырылды. Тіркеу саймандары тракторшыларға бекітіліп беріліп, олардың мұқият сақталуы тракторшылардан қатаң талап етілді. Техниканы өнімді пайдалану мақсатымен мен өзін үлкен мейлінше механиктің көмегі арқылы тракторшылармен техниканы пайдалану және техникалық күтім жасау жөнінде сабақ өткізіп отырдым. Мұның өзі тракторларға техникалық күтімнің кезінде және сапалы жүргізілуін, жұмыс уақытының тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етті. Біз смена ауысу, машиналарға жанар май құю, бөлшектерді сүртіп, майлау, техникалық күтім жүргізу жұмыстарына бөлінген уақыттың 30-35 минутын үнемдедік. Ол үшін тракторшылар мен тіркеушілер жұмысты тез атқаратын болды. Тракторларға су мен жанар майды жұмыс істеп жүрген учасқоларға әкеліп отырды ұйымдастырдық. Су тасушы колхозшы Айтқазы Ешкеев жолдастың қабырғалы еңбегін атап айту керек. Ол уақытпен санаспай, тракторларға суды уақытылы тасып тұрды. Тракторшылар жұмыс басында аңызда тамақтанатын болды. Бұл кезде тракторлар қарап тұрмайды. Онда сменашысы жұмыс істеп жүреді.

Тракторлардың жұмысты мол атқаруына тіркеушілер құрамының тұрақтандырылуы көп әсер етті. Бригадада механиктердің және бригаданы қамтытын колхозшылардың мәдениетті тынығуына

жете назар аударылды. Олар бос уақыттарында кітаптар оқиды. Радиоқабылдағыш арқылы елімізде болып жатқан жаңалықтарды тыңдап, шахмат, дойбы, домно ойнайды. Бригадаға республикалық, облыстық және аудандық газеттер мен журналдар күнде жеткізіледі. Қабырға газеті мен жауынгерлік листовтар уақытылы шығарылады.

Бригаданың 10 күн сайын бір рет өндірістік жыйналымы болып тұрады. Онда 10 күнде істелген жұмыс қорытылады, істегі орын алған кемшіліктерді жоюдың жедел шаралары белгіленеді. Бұл жыйналыста механизаторлар орынды ұсыныстар жасайды. Олардың ұсыныстары зерттеліп, іске пайдаланылады. Біз дискелі сыдыра жыртықшылармен тың және тыңайған жерлерді жұмыстағанда жер қыртысын толықтырып астыңғы қабатынан үстіңгі жағына шығаратын болды. Тракторшылар Челноков және Хлопов жолдастар бұл сыдыра жыртықшының бұрышын 17 градусқа дейін кеңейту жөнінде, менің көмекшім Қаратаев жолдас сыдыра жыртықшының жанындағы жіпке не доңғалақты үлкен доңғалаққа ауыстыруды ұсынды. Бұлардың ұсынысы жүзеге асырылды. Мұның өзі дискелі сыдыра жыртықшыларды жыртылған тың және тыңайған жерлерді жұмыстауға кеңінен пайдалануға мүмкіндік берді.

Көзіргі уақытта біздің бригаданың мүшелері егін жыйнау және зябь жырту жұмыстарын қызу жүргізуде. Жақын арада зябь жырту жоспары толық орындалады. Мұның өзі келесі жылы көктемгі егіс жұмыстарының қысқа мерзімде сапалы өткізілуіне қолайлы жағдай жасайды.

Бригада мүшелері ауылшаруашылық жұмыстарын атқаруда осындай едеулі табыстарға ие болды. Механизаторлардың еңбегі жоғары бағаланып, бригада Бүкіл-одақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысуға кандидат болып отыр. Біз бұл құрметке жауап ретінде ауылшаруашылық жұмыстарының қарқынды өрістетіле түсеміз. Сөйтіп, әрбір 15 аттық күші бар трактормен 1100 гектар сапалы жер жұмыстап, облыс механизаторларына еңбектің тамаша үлгісін көрсетеміз.

дың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындады, өткен жылмен салыстырғанда 458 мың пұт астық артық тапсырылды, оның ішінде ең бағалы азық-түліктік дақыл — бидай 1030 мың пұт артық тапсырылды. Тапсырылған есептер бойынша МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу әлі жүріп жатыр. Колхоздар мен совхоздар келесі жылы егіннен мол өнім алу үшін күресе отырып, күздік дақылдар егуді агротехникалық қолайлы мерзімде аяқтап шықты. Күздік егіс жоспары 104 процент орындалды. Күздік бидай өткен жылдағыдан 23 мың гектар артық егілді. Колхоздар мен совхоздар 1955 жылдың көктемгі егісі үшін тұқым құю жұмыстарын жүргізіп жатыр. (СОТА).

840 гектар зябь жыртылды

Біздің бригада Сталин атындағы колхозда егін орағында жүр. Бригадада екі «С-80» және бір «СТЗ-НАТИ» тракторы бар. Бұлардың барлығы кезеңді науқан —егін жыйнау жұмысына бекітілген.

Машина қуатын толық пайдаланды кездегі маман механизаторлар түнгі шық түсе жомбайлар тоқтаған уақытта тракторды зябь жыртуға пайдаланады. Тракторшы Қ. Ысқақов «ДТ-54» тракторымен смена арасында күніне 10 гектар, ал, Ордабаев, Зорин жолдастар

«С-80» тракторымен 12—14 гектар жер жыртады.

Міне осы әдіспен біздің бригададағы үш трактор кәзірде 840 гектар зябь жыртты. Алдағы екі-үш күн ішінде колхозда егін жыйнау жұмысы аяқталып, тракторлар бірыңғай зябь жырту ісіне кіріседі.

Біздің бригада 1370 гектар зябь жыртуға тиіс болса, кәзірдің өзінде мұның 61 процентін орындап отыр.

Б. СҮЙІНДІКОВ,

Булаев МТС-нің трактор бригадасының бригадирі.

ОЗАТ ТӘЖРИБЕ—КӨПKE ОРТАҚ

ТЫҢ ЖӘНЕ ТЫҢАЙҒАН ЖЕРЛЕРДІ ИГЕРУДЕГІ ТӘЖРИБЕМІЗ

ККП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи қаулысы елімізде ауыл шаруашылығының негізі—астық өндірісін шұғыл өркендетудің айбынды программасын белгілеп берді. Астық өндірісін өркендетудің ең қайнар көзі—егіс көлемін тың және тыңайған жерлер есебінен көбейту болып есептеледі.

Қазақстандағы миллиондаған гектар тың және тыңайған жерлерді игеруге еліміздің түпкір-түпкірінен мыңдаған механизаторлар, егіншілер келді. Солардың бірі болып мен де егін шаруашылығының тағдыры шешілетін— трактор бригадаларында еңбек етуге тілек білдірдім.

Мен Петропавл қаласындағы шағын двигательдер зауытының механигінен партияның шақыруы бойынша МТС-ке трактор бригадасының бригадирі болып келдім. Біздің бригадада жұмысқа еліміздің барлық облыстарынан келген жастар бар. Мысалы, комсомолец Михаил Каратаев Доржик қаласынан, есепші-май күюші Леонид Калашников Ярослав облысы Мостовск МТС-нен, Юрий Новожилов Калинин облысынан келді.

Біздің бригададағы 8 тракторшының үшеуі трактор руліне быйыл бірінші рет қана отырды. Олар Образцовый МТС-і жанындағы тракторшылар курсы мен бітіріп шыққан Новожилов, Портнягин және Дикий жолдастар.

Апрель айының бас кезінде болған өндірістік жыйналыста біздің трактор бригадасының көктемгі егіс жұмысының жоспары белгіленді. Осы бірінші өндірістік жыйналыс үстінде біз «Еңбек» колхозында жұмыста жүрген № 9 трактор бригадасымен социалистік жарысқа түсіп, әрбір 15 аттық күші бар трактормен жұмысқа жерге айналдырғанда маусым бойына 925 гектар жер жұмыстауға, әрбір жұмысталған жердің құнын гектарынан 2 сомнан кемітуге және жанар, жағар майды 5 процент үнемдеуге міндеттендік. Ауылшаруашылық жұмыстарының барлығы да дер-

★  
Н. ПОПОВ  
Ленин ауданындағы Образцовая МТС-нің комсомол жастар трактор бригадасының бригадирі.  
★

кезінде, агротехникалық ережелерге сай етіп, жоғары сапада аяқтауды ұйғардық. Бригада құрамы түгелдей болғаннан кейін МТС бізді бірінші класты отандық техниканың жаңа түрлерімен қамтамасыз етті. Біз «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының егіс даласына шығарда бригадада «С-80» тракторы және үш «ДТ-54» бес «Н-5-35» плугі, үш «СД-24» тұқым сепкіші болды. Сонымен қатар үш дискелі луцильник және 5200 килограмм жанар май сыятын екі цистерналар алдық. 50 орындық жататын бір палатка босатылды.

Колхозға келген күні МТС агрономы Бахрамов жолдасымен келісе отырып, маршрут жоспарын жасадық. Колхоз басқармасы біздің бригадаға керекті тіркеуші, жанар май тасушы, су тасушы, ас пісірушілер құрамын толық қамтамасыз етті.

Тың және тыңайған жерлерді сапалы жырту мақсатымен түрленің жерді 9 сантиметр қалыңдықта етіп аударып түсіру үшін оны плуттың негізгі қорығын 35 сантиметр қалыңдықта орнаттық. Бұл аударылып түскен қыртыстың жымдаса құлауын және оның үстіне топырақтың жақсы себілуін қамтамасыз етті.

Біз алғашқы кезде тың жер жыртуға бестілікті плугтерді пайдаландық. Бірақ, кейіннен мұндай жүктің тракторды жоғары шапшандықпен жүруге мүмкіндік бермей, жер қыртысын дұрыс аударып түсіре алмайтындығын байқадық. Сондықтан біз барлық плугтердің бір-бір тілін алып, трактордың жоғары шапшандықпен жүруін қамтамасыз еттік. Ал, кейбір жер қыртысы қатты учасқоларда трактор үштілі плугпен де жүретін болды.

Тың және тыңайған жерлерді жырту кездерінде плуг жүздерінің мезгілінде қайралыш отырылуына жете көңіл бөлінді. Өйткені, бұл біріншіден, жердің терең жырттылуына жағдай жасаса, екіншіден трактор күшін толық пайдалануға мүмкіндік туғызды. Сонымен бірге тракторды өнімді пайдалануда дискелі пышақтардың да маңызы зор. Плугтің әрбір тілінде пышақ болуы тың және тыңайған жерлерді жыртуда үлкен жеңілдік береді де, жер қыртысын жақсы аударып отырады. Біз жерді үнемі 20-22 сантиметр қалыңдықта етіп, түренді плугпен жырттып отырдық.

«ДТ-54» тракторымен бірінші рет тракторшы болып жұмыс істеп жүрген Анатолий Кузьмин жолдас күнделікті нормасын үнемі 130-140 проценттен орындап жүр. Жұмыстың мұндай өнімді болуына оның тіркеушісі Серікбаев жолдас үлкен көмек көрсетті.

Көктемде жер жырту мен жырттылған жерді өңдеуді қат-қабат жүргізу керек. Біздің бригада көктемде жырттылған жерді дереу өңдеп отырды. Мұның өзі аңызда ыналдың мол сақталуына мүмкіндік берді. Жер өңдеуде дискелі сыдыра жыртықшылар мен тырмаларды кеңінен пайдаландық. Аңызды дискелеу жырттылған жердің өн бойымен жүргізілді. Бұл жұмыста «ДТ-54» тракторына «ЛУ-5» екі сыдыра жыртықшы пен екі ізде тырмалар тіркелді. Сөйтіп, трактор қуаты жұмысқа толық пайдаланылды. Бұл жұмыста тракторшылар Новожилов, Хлопов және Смыслов жолдастар сменалық жұмыс тапсырмаларын 160-170 процент орындап, 40-45 килограмнан жанар, жағар май үнемдеп отырды. Жер өңдеу барлық учасқоларда бірдей жүргізілген жоқ. Біз жерді топырақтың құнарлығына қарай өңдеуді ұйымдастырдық.

Жыртылған жер өңделісімен дереу тұқым себуді ұйымдастырдық. Бұл жұмыстардың арасында алшақтыққа жол беріл-

ген жоқ. Алғашқы кезде «ДТ-54» тракторына үш тұқым сепкіш тіркелді. Біз трактордың күші жұмысқа толық пайдаланымайтындығын байқап, төртінші тұқым сепкішті тіркелдік. Осының нәтижесінде тракторшылар сменалық тапсырмаларын біржарым есе орындап, смена сайын 50-55 килограмм жанар май үнемдеді. Механизаторлар тұқымдық дөңді 6-8 сантиметр тереңдікте сіңіріп, әрбір гектар жерге 150 килограмм жаздық бидай тұқымын сеугі. Бригада мүшелері 20 жұмыс күні ішінде 1623 гектар дөңді дақылдар етті. Оның 1490 гектары жаздық бидай. Бізде жоспар 149 процент орындалды. Көктемгі егіс жұмыстары кезінде бригада барлығы 5397 гектар жұмысқа жер жұмыстады. Әрбір 15 аттық күші бар трактордың жұмыс өнімділігі 455 гектарға жетіп, бригада 3328 килограмм жанар май үнемдеді. Трактор бригадаларының социалистік жарысында бірінші орынға шығып, МТС дирекциясы мен партия ұйымының Ауыспалы Қызыл Туына ие болдық. Бұған жауап ретінде бригада мүшелері еңбек өнімділігін бұдан да арттыруға, жұмыс сапасын жақсарту жолындағы күресті күшейте түсуге міндеттенді. Біз берген сертке берішпиз.

Егіс жұмыстары аяқталысымен пар жыртуға дереу кірістік. Біз барлығы 1240 гектар, оның ішінде 1180 гектар тың жерді парға жыртуымыз керек болса, 20 июнге дейін бригадада барлығы 1800 гектар, оның 1660 гектары тың және тыңайған жер парға жырттылды.

Егіннен мол өнім алуда тың және тыңайған жерлерді алдын-ала дискелеу қажет. Біз 236 гектар тыңды алдымен дискелеп, содан кейін жырттық. Қыстың күні парға қарды көптеп тоқтату мақсатымен 1055 гектар ықтырма егілді. Бұл жұмыстарда тракторшылар Челнаков, Акпаев, Әйтемов, Тасыров жолдастар ерекше көзге түсті. Біздің бригаданың мүшелері 20 июльге дейін 9033 гектар жер жұмыстады. Бұл жылдық жоспардан 1628 гектар артық. 15 аттық күші бар әрбір трактормен 811 гектар жер жұмысталып, бригадада барлығы 6072 килограмм жанар май үнемделді. Трактор бригадаларының социалистік жарысында біз ауданда және облыста бірінші орынға ие болып,



КИНО

„БІЗ СІЗБЕН БІР ЖЕРДЕ КЕЗДЕСКЕН СЫЯҚТЫМЫЗ“

Кәзір облыс кинотеатрларында «Біз сізбен бір жерде кездескен сыяқтымыз» турлі түсті кинокомедиясын облыс жұртшылығы сүйсіне көруде. Фильмнің режиссерлері Н. Досталь мен А. Тутышкин, сценарий жазған В. Поляков өмірімізде әлі кездесетін суайт, алдамшы, көзге іскерсымақ, менменшіл төкөбарларды өз істері үстіндегі мінез-құлық, қарым-қатынастарын өткір әзіл, зілді сыяқты түрде шебер жеткізген.

Фильмнің оқыйға желісі атақты эстрада актері Геннадий Максимов пен оның әйелі—артистка Левкоеваның бір сапарда кездестірген кейбір адамдардың басындағы ұнамсыз қылықтарды бейнелей көрсетуге құрылған. Фильмнің оқыйғасы жеңіл де, сонымен бірге алған тақырыбы жеткізіле көрсетілді.

Фильм театрдың он бесінші маусымды аяқтауына арналған кештен басталады. Атақты актер Геннадий Максимов (артист А. Райкин) және оның әйелі Левкоева (артистка Л. Целиковская) театр маусымы аяқталысымен Қырымға демалысқа аттанады. Олар поезға мініп жүргелі тұрғанда театр администраторы гастроль беруге Левкоеваны жалынды, жалбарынып, ақыры зорлағандай етіп алып қалады. Максимов жалғыз кетеді. Оның жалғыз сапар шегуіне байланысты поезда келе жатқан, қаладағы жаңалықты жұрттан бір күн бұрын естігін өсеңші әйелдің бейнесі де бұрынғыдан анықтала түседі. Вагонда келе жатып Максимов бейнелейтін темір жол контролері, аяқ киім фабрикасы директорының орынбасары образдары шебер жасалған көріністердің бірі.

Максимов бір станцияда поездан қалып қояды. Оның жанында не документ, не ақша, ештеңе жоқ. Танымайтын қала. Фильмнің негізгі оқыйғасы осыдан басталады. Поездан қалып қойған Максимов бет алмай сапарына жету жолын іздестіруге кездестірген адамдардан көрінетін мінез-құлық, сыр-сыйпат—фильмнің сюжеттік негізі. Максимовқа асығыс жолаушыларды таразыдан кейтін сатушы, бюрократ вокзал бастығы, салғырт телеграфистка, шалағай фотограф, сызданған театр директоры кездеседі. Максимов бұларды кездестірген және іздестіргенді күлкі-сықақпен шебер әшкередеуші, таңқыр сынып кейіпкер. Ол өз кездестірген шермін, бюрократтарды кесесін күлкімен мысқылдай сыяқтауда көрушілердің ойлағанынан түсіп, оларды сүйсініп отырады.

Міне, поездан қалып қойған Максимов вокзал бастығына жолығу үшін кезек күтуші. Вокзал бастығына қараймын жолаушы болып кіре алмаған Максимов екінші рет жоғары қымет адамы ретінде келеді. Ол вокзал бастығына кіре бере өсікке бұрынған.

—Осыныңтан таңбай істегейсін—дейді, ауыр кесесін зілді түрде.

Бұдан кейін Максимов кездесетін оның бұрынғы мектепте жолдастары: жалған фотографқа, менменшіл, іскерсымақ әуеннен таңбайтын театр директорына жолығады.

Әресе Максимовтың өзімен бірге оқыған жолдасы, кәзір қаладағы театрдың директорымен кездескен шәрігіс ерекше әсерлі. Өйткені, бұл жердегі театр директорының бейнесі жалған жаңсағы жоқ өмірде жиі кездесетін жағымпаздықпен жоғарылаған шенқұмар, төкөбар, дәрменсіз жадігер. Оның мұндай жауапты орынға көтерілер басқа қабілеті де жоқ. Сүйенері де, сөнері де жолдастары. Солар арқылы үлкен шенге ве.

Болашағы белгісіз сәби қыял дәуірінде сабақтас болған жолдасының өзімшіл, кеңеусіз, сырған болып өскеніне Максимов қынжыла жміркенеді. Дәл осы жердегі сырттай іскерсымақ, дегеніне жетіп келмеденен, жайбарақат директоры сырттай жылтыр қалаушақ, іші қуыс екенін көрсетуде, оларды өмірде ажырата алатындай етіп беруде артист В. Меркурьев үлкен шеберлік көрсеткен. Соның нәтижесінде сырт қарағанда тым тәуір кісі сыяқты, бірақ негізінде адамгершілік қасиеттен жұрдай болған бюрократ, менменшіл, іскерсымақ директордың кескін-көшіні комедиялық жағдайда қонымды әйгіленеді. Меркурьев мимикаға бай, сондықтан образ да аса әсерлі де нанымды шыққан.

Фильмдегі Максимов ролінде ойнаушы белгілі эстрада актері А. Райкиннің киноактерлік талантының молдығы жұртшылықты ерекше сүйсіндіреді. Фильмдегі топас бюрократтарды, тұрпайы әкімшілерді өткір сықақтармен түйреуші Максимов—Райкиннің әрбір қымылынан, әрбір әрекетінен, сөз мәнерінен комедия жанрының бағалы қасиеттері түгелдей ұшқын беріп, жарқын көрініп отырады.

Фильмде сықақ объектілерінің таңқыр алынып, кекті ажуалануымен бірге бір-сыпыра жерлерде арзан күлкіге, ұсақ және өскірген водевилдік бояуға түсіп кете берушіліктері де кездесіп отырады. Мысалы, Левкоеваның вагон ішінде өлең айтып, жолаушыларды дүрдіктіруі, курорт басында «Максимов өзін-өзі өлтірмекті-мыс» деген лақапқа жапатармағай әбгерленушілік комедиядан жүйелі түрде шықпайтын нанымыз жанама арзанқолды оқиралар.

Сонымен бірге басты, шешуші кейіпкердің бірі ретінде көрсетілетін Левкоеваның фильмде жеке көріністерге қана не болып қалуын кинокомедияның басты кемшіліктерінің бірі деп айтуымыз керек.

Осындай жекелеген кемшіліктеріне қарамастан «Біз сізбен бір жерде кездескен сыяқтымыз» фильмі біздің киноискусствомыздың комедия жанрындағы жаңа та-

МАРСЕЛЬ КАШЕННІҢ 85 ЖЫЛДЫҒЫ ПАРИЖ, 20 сентябрь. (СОТА). Бүгін халықаралық жұмысшы қозғалысына белсене қатысушы, Француз Коммунистік партиясына негіз салушылардың бірі, «Юманите» газетінің директоры Марсель Кашеннің туғанына 85 жыл толды.

1912 жылдан бері Кашен француз социалистерінің, кейіннен француз Коммунистік партиясының жауынгер органы, Жоресс ұйымдастырған «Юманите» газетінің редакциясына белсене қатысады. 1918 жылдан бері Кашен үш екі газеттің директоры болып келеді.

1920 жылы декабрьде Тур қаласында болған француз социалистерінің съезінде Марсель Кашен Коммунистік партия жасауды және оның Комитетіне қосылуын батыл түрде жақтап шықты. 42 жыл бойына Париж еңбекшілері Кашенді француз парламентінің депутаттығына сайлап келеді.

Францияның демократияшыл жұртшылығы Кашенді шың жүректен құттықтауда. Еңбекшілер мен прогрессившіл ұйымдар мыңдаған хаттар мен телеграммаларда Кашенге жұмысшы табының ісі үшін, Францияның ұлттық тәуелсіздігі және көркеі үшін, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік үшін табандылықпен күрес жүргізіп келе жатқандығына жалынды сүйсінеушілік және құрмет көрсетуде.

Жуырда Париждің 18-округінде Кашеннің 85 жылдығына арналған үлкен жыйналыс болды. Кашенді еңбекшілердің, Коммунистік партияның, Жаншай еңбек конфедерациясының, «Коммуна достары» қоғамының және басқа да ұйымдардың өкілдері, сол сыяқты прогрессившіл француз оқымыстылары, жазушылар, искусствонң қайраткерлері шың жүректен құттықтап, жалынды сәлемдер жолдады. Өзінің жауап сөзінде Кашен оқымсыз табы ісінің түпкілікті жеңетіндігіне, коммунизмінің жеңісіне шексіз сенетіндігін білдірді.

Бүгін «Юманите» газетінде Француз Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің, Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің, «Правда» газеті редакциясының, Герман Демократиялық Республикасының президенті Вильгельм Пиктің, бірнеше елдердің коммунистік және жұмысшы партияларының Марсель Кашенге жіберген құттықтаулары жарияланды.

ВЕНГРИЯНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖЫЙНАЛЫСЫ СЕССИЯСЫНЫҢ АШЫЛУЫ

БУДАПЕШТ, 20 сентябрь. (СОТА). Бүгін Венгер Халық Республикасының мемлекеттік жыйналысының сессиясы ашылды. Сессия Венгер Халық Республикасының мемлекеттік жыйналысы президентінің жасауымен секретары И. Барабештың мемлекеттік жыйналыстың өткен сессиясынан бергі уақыттың ішіндегі президентінің жұмысы туралы баяндамасын тыңдап бекітті. Мұнан кейін Министрлер Советінің председатели Имре Надь Венгер Халық Республикасының конституциясына өзгерістер енгізу туралы заң жобасын талқылауды, жергілікті Советтердің депутаттарын сайлау туралы және Со-

Герман Демократиялық Республикасындағы сайлаушылардың округтік конференциялары

БЕРЛИН, 20 сентябрь. (СОТА). Кеше Герман Демократиялық Республикасының барлық округтерінде сайлаушылар өкілдерінің округтік конференциялары болды. Бұл конференцияларда сайлаушылардың өкілдері демократиялық Германияның Ұлттық майданының біртұтас тізімінде ұсынылған Герман Демократиялық Республикасының халық палатасы мен округтік депутаттар жыйналыстарының депутаттығына кандидаттармен кездесті.

Дрезден қаласында болған конференцияға округтегі 1,4 миллион сайлаушылардың атынан 4500-ден аса сайлаушылар өкілдері қатысты. Конференцияға қатысушылар Дрезден округі бойынша ұсынылған Халық палатасының депутаттығына кандидат, Герман Демократиялық Республикасының премьер-министрі Отто Гротевольмен, Халық палатасына ұсынылған басқа кандидаттармен, сондай-ақ округтік депутаттар жыйналысына ұсынылған кандидаттармен кездесті.

Лейпциг қаласында конференцияға

Бразилияда террор күшеюде

МОНТЕВИДЕО, 20 сентябрь. (СОТА). Бразилия баспасөзінің хабарына қарағанда, Кафэ Фильо үкметі үкімет басында болған қысқа мерзімнің ішінде Бразилияда тамақ өнімдерінің бағасы және коммуналдық қызмет үшін төленетін ақы ерекше арта түсті. «Импренса популар» газетінің мәліметтері бойынша, Кафэ Фильо елде қожайындық еткен алғашқы 15 күннің ішінде картоптың бағасы —18 процент, лобия-15 процент және майлар бағасы 2 сом дерлік артқан. Нанның, күріштің, сүттің, еттің бағасы Рио-де Жанейрода,—сондай-ақ жергілікті жерде де қымбаттаған.

Мемлекеттік төңкеріс жасау арқылы үкмет басына келген Кафэ Фильо үкметі Бразилияда полицейлік террорды күшейтіп, демократиялық бостандықтардың ақырғы қалдықтарын жойып, патриоттарды тұтқында алуда. «Импренса популар» газетінің хабарына қарағанда, Бразилияның тәуелсіздігіне байланысты Бразилияның ұлттық азаттық Одағы әзірлеген митингтер мен демонстрацияларды 7 сентябрьде өткізуге Кафэ Фильоның бұйрығы бойынша бүкіл елде тыйым салынған. Ресифе қаласында полиция демонстрация-

қатысқан 3 мыңнан аса адам Лейпциг сайлау округі бойынша халық палатасының депутаттығына ұсынылған кандидаттар—ГСБП Орталық Комитетінің бірінші секретары және Герман Демократиялық Республикасы премьер-министрінің орынбасары Вальтер Ульбрихтпен, ГДР премьер-министрінің орынбасары және Герман Демократиялық Республикасының сыртқы істер министрі Лотар Больцпен, Мәдениет министрі Иоганнес Бехермен, Герман Демократиялық Республикасының Денсаулық сақтау министрі Луитпольд Штейдле, мемлекеттік хәуіпсіздік істері жөніндегі статс-секретары Эрнст Вольвебермен кездесті.

Сайлаушылар өкілдерінің көп адам қатысқан округтік конференциялары сонымен қатар Галле, Карлмаркштадте, Ростокта және республиканың басқа округтік орталықтарында да болып өтті.

Сайлаушылардың өкілдері конференцияларда сөз сөйлеген Халық палатасының депутаттығына кандидаттарды жылды шыраймен құттықтап қарсы алды.

қа қатысушыларды күшінен таратып, оған қатысушылардың көбін тұтқында алған. Рио-де Жанейрода полиция ондаған патриоттарды тұтқындап, ұрып-соққан, бұлардың ішінде Бразилия теңізшілерінің басшысы Эмилио Бонфанте де Мариа және көптеген әйелдер болған.

Кафэ Фильоның полициясы газеттердің редакциялары мен кәсіподақтарға шабуыл жасап, еркін жыйналыс өткізу правосын бұзуда. Жуырда полиция Рио-де Жанейрода тоқымашылар кәсіподақтарының біріне шабуыл жасап, оның үш басысы тұтқынға алған. Жақында «Импренса популар» газеті басылатын баспахананың үш қызметкері тұтқынға алынған.

Жаңа үкмет басында болған алғашқы 20 күннің ішінде Бразилияның 300-ден аса патриоттары тұтқынға алынып, бұлардың көбі қатал азаптарға ұшыратылып, ұрып-соғылған.

Бразилиядағы озбырлық пен зорлық әрекеттерге қарсы Бразилия жұртшылығының күшті наразылық қозғалысы өрістеп, бұл қозғалысқа халықтың әртүрлі топтары, әртүрлі саяси партиялардағы адамдар қатысуда.

Батыс Германияны қаруландыру жоспары жөнінде ағылшын-американ алауыздықтары

АМЕРИКАНДАРДЫҢ ФРАНЦИЯҒА ҚЫСЫМ ЖАСАУЫ

ЛОНДОН, 19 сентябрь. (СОТА). Жексенбі күні шыққан газеттердің хабарлары мен түсініктер Даллестің Европаға сапар шегуінің басты мақсаты. Францияның рұқсатсыз Батыс Германияны біржақты қаруландыру үшін негіз жасау болып табылатындығын және мұның өзі ағылшын-американ алауыздықтарының

Батыс Германияны Солтүстік-Атлантика одағына немесе Брюссель шартына қатынасшылардың қатарына қабыл алу туралы келісімге қол жеткестен бұрын-ақ американдардың үндемей бата беруімен және қолдауымен Батыс Германияны біржақты қайта қаруландыруға ризашылық беруде болып табылады, деп қойып

БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ТОҒЫЗЫНШЫ СЕССИЯСЫНА ССРО-НЫҢ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ

ССР Одағы Министрлер Советі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының тоғызыншы сессиясына ССРО делегациясын тағайындады, мұның құрамында мыналар бар: делегацияның басшысы, ССРО Сыртқы Істер Министрінің орынбасары ССРО-ның Біріккен Ұлттар Ұйымындағы тұрақты өкілі А. Я. Вышинский, делегацияның мүшелері—ССРО-ның Великобританиядағы елшісі Я. А. Малик; ССРО-ның Америка Құрама Штаттарындағы елшісі Г.Н. Зарубин; ССРО-ның Біріккен Ұлттар Ұйымындағы тұрақты өкілінің орынбасары А.А. Соболев; Өзбек ССР Мәдениет министрі А. М. Кучкаров. Делегация мүшелерінің орынбасарлары болып П. Д. Морозов, А.П. Морозов, Г.Ф. Саксин, В.А. Фомина тағайындалды. Делегацияның кеңесшілері болып И.Ф. Курдюков, Б.Ф. Грубляков, Л.М. Карцев, Л.М. Замятин және Н.П. Емельянов тағайындалды.

(СОТА).

КИЕВ, 18 сентябрь. (СОТА). Украин ССР-нің Үкметі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының тоғызыншы сессиясына делегация тағайындады.

Делегацияның басшысы—Украин ССР Сыртқы Істер Министрі Л.Ф. Паламарчук, делегацияның мүшелері Н.З. Штокало, Н.Е. Крутикова, С.А. Слупченко, И.А. Толкаун. Делегация мүшелерінің орынбасарлары болып С.П. Демченко мен В.И. Сапожников тағайындалды.

МИНСК, 18 сентябрь. (СОТА). Белорус ССР-нің Үкметі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының тоғызыншы сессиясына делегация тағайындады.

Делегацияның басшысы—Белорус ССР Министрлер Советі председателинің орынбасары және Сыртқы Істер Министрі К.В. Киселев; делегацияның құрамында П.Е. Астапенко, М.Т. Лыньков, К.Н. Абушкевич, А.П. Ус бар.

«РЕЙНОЛЬДС НЬЮС» АМЕРИКАН ФЛОТЫНЫҢ ТАЙВАНЬ СУЛАРЫНДАҒЫ АРАНДАТУШЫЛЫҚ РОЛІН АЙЫПТАЙДЫ

ЛОНДОН, 19 сентябрь. (СОТА). «Рейнольдс Ньюс» редакциялық мақаласында америкн флотының Тайвань суларындағы арандатушылық ролін батыл түрде сөзгуде. Соғыс авантюраларының ең басты ұйымдастырушысы штабтар бастықтарының америкн тобының председатели адмирал Радфорд екендігін атап көрсете келіп, газет: «Бүгінгі хауіп—қытай жағалауларына жақын жердегі болмашы бір жанжал америкн рефтортарына Қытай порттарына қарсы зор соғыс-теңіз науқанын бастауға сылтау беретіндігінде болып отыр. Хауіптің күшейіп отырғаны—Америка Қыйыр Шығыста ұсынысыз адамдарды қолдап отырғандығында. Сондай адамдардың бірі—Ли Сын Ман. Ол америкн контресіне Қытай мен Россияға қарсы соғыс



—Машинаның өзін маған керекті жоқ, — дейді. Бұл сөзден вокзал бастығы келген адамның жоғары қызмет адамы екенін бірден аңғарғандай зәре жоқ аяғын ұшынан басып жүр. Қорыққан жүрек вокзал бастығының өңіне де бұзып жібереді.

Максимов келе телефонмен жергілікті «ворлармен» сөйлесіп жатыр. Сөз арасында:

—Е, билетті қойшы, оны мына кісі тауып береді ғой,— деп вокзал бастығын нұсқап қояды.

Жағымпаз, шен сыйлағыш жарамсақ, шалағай вокзал бастығы Максимовты билеттен қамтамасыз етіп, енді не бұйырасыз дегендей тәлімге қарап қалғанда:

## Ленинградтықтардың көмегі

Ауылшаруашылық жұмыстарының аса жауапты кезеңі — егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру жұмыстарында облыс еңбекшілеріне көмектесу үшін Ленинград облысынан бір топ шоферлар келген болатын. Бұл күндері Ленин ауданының колхоздарында 200-ден астам ленинградтық шоферлар өздерінің машиналарымен мемлекеттік дайындау орындарына астық тасуға көмектесіп жүр.

Осы аудандағы Аманкелді атындағы ауылшаруашылық артелинде ленинградтық 28 шофер жұмыс істейді. Олар өздерінің күнделікті нормаларын бір жарым-екі еседен орындап, еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп жүр. Әресе, шоферлар Андреев, Федотов мемлекеттік дайындау орындарына астық жеткізуде өз қатарла-

рына үлгі болуда. Олар аз уақыт ішінде элеваторға 7 мыңнан астам центнер астық жеткізеді.

Сталин атындағы ауылшаруашылық артелинде жұмыс істеп жүрген ленинградтық шоферлар да қажырлылықпен еңбек етуде. Шоферлар Аверьянов, Григорьев, Рокотянский жолдастар колхоз қырманнан облыс орталығындағы элеваторға астық жеткізеді. Күн сайын 7 мың шұттан астам астықты мемлекеттік дайындау орындарына жеткізу — олардың күнделік көрсеткіші.

Жуырда егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру жұмыстарында еңбекшілерге көмектесу үшін Сталинград облысынан 300-ге жуық патриот келді.

Н. МӘЛІКОВ.

## ЖАУАПСЫЗ САТУШЫ

Совет ауданы Киров атындағы колхоздың орталығында сельпоның сауда дүкені бар. Бұл дүкенде Николай Голуб сатушы болып істейді. Ол өзінің міндетті жұмысына өте жауапсыз қарайды. Дүкенде медициналық ереже сақталмайды. Заттар бағтасқан шаңның астында, қалай болса, солай шашылып жатады. Бұл жағдай кейбір заттар сапасының көмуіне әкеліп соғады. Дүкеннен күнделікті тұрмысқа аса қажетті тұз, чай, қант сияқты тұтыну заттарын табу қиын. Өйткені, дүкенші Голуб жолдас ол заттарды әкеліп, халықтың мұқтажын өтеумен шұғылданбайды.

Көзір колхозшылар өздерінің уақыттының көпшілігін жұмыс басында өткізеді. Осыған байланысты сауданың жұмыс ба-

сында ұйымдастырылғаны қажет-ақ. Алайда, бұл тілек орындалмай келеді. Голуб жолдас жұмыс басында сауда ұйымдастыру былай тұрсын, мезгілінде дүкенді де ашпайды. Осының салдарынан ол айлық, тоқсандық тапсырмаларын орындамайды.

Селолық жерде сауда жұмысын жақсы ұйымдастыруға сельпо басқармасы және сауда жұмысын ұйымдастыру жөніндегі меңгерушісі Чуфарова жолдас бұл жұмысқа көңіл бөлмей келеді. Сондықтан да Киров атындағы колхоздың сауда дүкенінің жұмысы еңбекшілердің тілегіне сай болмай отыр. Сатушы Николай Голуб бұл жауапсыздығын тез жойып, тұтынушылардың тілегін қанағаттандыруға тиіс.

Ш. АЙТМАҒАНБЕТОВ.

## КОЛХОЗ ШЕБЕРІ

Булаев ауданындағы Ленин атындағы колхоздың шебері Уәділда Сабағанов жолдас астық тазалайтын веялқаны қайтадан жабдықтады. Бұл веялқамен тау-

## Колхоз екі электр моторын алды

«Бостандық» колхозында (Приешім ауданы) еңбекті көп тілейтін жұмыстар механикаландырылуда. Колхоз 2 электр моторын сатып алған болатын. Бұл мо-

лігіне 1500 центнер астық тазалауға болады. Колхоз басқармасы қарт ұстаның инициативасын жоғары бағалап, оған алғыс айтты.

С. ШӘЙМЕРДЕНОВ.

торлар көзір су тартуға және басқа шаруашылық жұмыстарына пайдаланылуда.

Ж. ТӘШЕНОВ.

реттердің жұмысы туралы талқылауды ұсынды.

Сессия төмендегі күн тәртібін бірауыздан бекітті:

1. Венгер Халық Республикасының конституциясына өзгерістер енгізу;
2. Советтер туралы заң жобаларын талқылау.

## ЖАПОНИЯДАҒЫ ДАУЫЛ

ЛОНДОН, 20 сентябрь. (СОТА). Рейтер агенттігі тілшісінің Токиодан берген хабарына қарағанда, 18 сентябрьде көшкелі жапонияның Тынық Мұхит жағалауында дауыл соққан. 27 адам қаза тауып, 44 адам жараланған, 8 адам хабар-ошарсыз қалған, жүздеген үйлер қыйрап, суға кеткен. Дауылдың жылдамдығы сағатына 90 миль болған.

Бұл соңғы аптаның ішінде Жапонияда болған екінші дауыл.

## Байланыс министрлігінің телефон-телеграф және радио хабарлары жолдарын сақтау жөнінде ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТ-АТКОМІНІҢ МІНДЕТТІ ҚАРАРЫ

9 сентябрь 1954 жыл

№ 3

Петропавл қаласы.

ССРО Министрлер Советінің «Байланыстың телефон-телеграф жолдарының тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету туралы», 1954 жылғы 1 марттағы № 347 және ССРО Министрлер Советінің 1949 жылғы 9 февральдағы № 577 санды қаулысына сәйкес облыстық Совет аткомі қаулы етеді:

1. Байланыс министрлігінің облыстық басқармасының байланыс және радио хабары жолдарына тұратын қарды және көк мұзды түсіру және байланыс жолдарын қайта қалпына келтіру жұмыстарына колхозшыларды және тұрғын халықтарды қатыстыруына рұқсат етілсін. Бұл жұмыстарды істеген адамдар мен транспортқа байланыс министрлігі белгілеген мөлшерде еңбекақы төленсін.

2. Колхоз председателдері байланыс министрлігі органдарының бірінші талап етуі бойынша, ерікті түрде бүлінген байланыс жолдарын тез түзету үшін қажет болғанынша колхоздан жұмысшы күшін және транспорт бөлуге міндеттелсін.

3. Байланыс жолының күзет зонасы, әуедегі және кабельді жолдардың ұзына бойына шеткі сымдардың аржағының алыстығы 2 метр, кабель трассасының ені жағынан да 1 метр қашықтыққа тұратын жер участогі болып есептелсін.

4. Байланыс министрлігінің әуедегі және кабельді жолдарын күзету зонасында мыналарға (тыйым салынсын:

а) құрылыс салу және байланыс министрлігі органдарының жазбаша рұқсатынсыз түпкілікті немесе уақытша түрлі құрылыстар салынбасын, жер қазу және монтаждау жұмыстары жүргізілмесін;

б) ағаш отырғызу жұмысы жүргізілмесін;

в) байланыс министрлігі органдарының рұқсатынсыз басқа ведомстволардың байланыс жолдарын орнатуына, әуедегі және кабельді электр сеті жө-

не әртүрлі трубалы сымдар тартуға жол берілмесін;

г) астық маялауға, сабан, шөп, ағаш штабелдерін тағы басқаларды үюге, дала лабораториялар орналастыруға, қоршау, ат байлағыш және мал қораларын салуға, от тұтатуға, костер жағуға, жүк үюге және мылтық атытын орын жа-сауға рұқсат етілмесін;

д) ауылшаруашылық машиналарын және биік артылған жүктерді сым жолдары астынан тасымалдауға болмайды;

е) жер астынан кабель тартылған трассаларға ауыр жүк тастауға (5 тоннадан жоғары), сол сыяқты, тұзды, қышқылды және сақарлы сұйық заттар құюға тыйым салынсын;

5. Барлық кәсіпорындарының мекемелер мен жеке адамдардың байланыс министрлігі органдарымен келіспестен, мына жұмыстарды жүргізулеріне тыйым салынсын:

а) байланыс министрлігінің жолдарына өз беттерімен сым тартуына;

б) байланыс министрлігінің жолдарынан жарық алатын сымдар өткізуге, антенна және басқадай бекітулер орнатуға;

в) телефон-телеграф байланысы жолдарының трассаларына ағаш құла-туға;

г) байланыстың дұрыс жұмыс істеуіне кедергі келтіретін, істен шығаратын, барлық қыймылдарға, бағандарды, тіреулерді, қосымша бекітулерді кесіп алуға, сымдарды үзуге және тартуға, сымдарға керексіз заттарды лақтыруға (сым, құрсау, шеңбер тағы басқалар), үй төбесінен сымға қар тастауға, изоляторларды қыйратуға, байланыс жолдарына сым жалғауға, қосымша бекіту-лердің сымын қыйып алу;

д) бағанға шығуға, сымға қандайда

Еңбекшілер депутаттарының нұсқаулары

Еңбекшілер депутаттарының секретары

Еңбекшілер депутаттарының секретары

Еңбекшілер депутаттарының секретары

Еңбекшілер депутаттарының секретары

Еңбекшілер депутаттарының секретары

түсетіндері туралы ұсынысқа ерекше ма-ңыз берілуде».

«Обсервер» газетінің Бонндағы тілшісі мынаны хабарлайды: «Аденауэр-Даллес келіссөздерінің нәтижелерінің біріне, атап айтқанда, Батыс Германияға «ең шұғыл түрде» суверенитет (яғни шексіз қарулану правосы. Ред) қайтып берілуге тиіс мерзімдері туралы ұсынысқа ерекше ма-ңыз берілуде».

«Бұл тұжырымның жасырын мағынасы түсетіндері туралы ұсынысқа ерекше ма-ңыз берілуде».

«Бұл тұжырымның жасырын мағынасы түсетіндері туралы ұсынысқа ерекше ма-ңыз берілуде».

«Пәтер үй жалдаушылардың және муниципалдық үйлерде тұрушылардың ұлттық ассоциациясының» жаңа ұйымы құрылды. Жаңа ұйымның секретары Якобсон кеңесте сөз сөйлеп: «ұлттық ассоциация пәтер ақыны арттыруға қарсы күрестің көме комитеттерін ұйымдастырады» деп мәлімдеді.

болса бір затты сүйеп қоюға, кабель қалыптарының, шкаф және жәшіктерінің қақпасын ашуға жол берілмесін;

6. Кәсіпорындарының, мекемелердің, колхоз, совхоздардың, үй басқармаларының басшылары, өз территорияларынан өтетін байланыс сымдарын, әуедегі және жер астындағы кабельдерді жөндегенде, қосымша бекітулер жасағанда, болмаса, қыйрағанда тағы басқа да коммуналдық жұмыстар жүргізгенде хауіпсіз болудың барлық шараларын қарастырып, істелетін жұмысты байланыс министрлігінің органдарына уақыттылы хабарлап отыруға тиіс.

7. Еңбекшілер депутаттарының қалалық, аудандық, ауыл-селолық және поселенілік Советтері телефон-телеграф жолдары түрлі апаттан (көк мұздан, су тасқынынан, дауылдан) қыйрағанда байланысты қайта құруға байланыс органдарына жедел көмек көрсетуге міндеттелсін.

8. Осы міндетті қарарды бұзушы айыпты адамдар өкімшілік жолымен жауапқа тартылып, 100 сомға дейін айып салынсын немесе бір айға дейін еңбек пен түзеу жұмысына жіберілсін.

Байланыс мүліктерін қасақана бұзған немесе ұрлаған айыпты адамдар заң бойынша сот жауапкершілігіне тартылады.

9. Осы міндетті қарардың орындалуына бақылау жүргізу байланыс министрлігінің органдарына, милиция органдарына және еңбекшілер депутаттарының жергілікті Совет аткомдеріне жүктеледі.

10. Осы міндетті қарар баспасөзде жарияланғаннан кейін 15 күн өткен соң күшіне кіреді және Солтүстік Қазақстан облысының барлық территориясында екі жыл бойына күшінде болады.

Облыстық Совет аткомінің председателі

Е. ЦИМБАЛ,

Облыстық Совет аткомінің жауапты

Е. ЗАЙТОВ.

тың барысында атом және сутегі бомбаларын қолдануға мүмкіндік болар еді деп мәлімдеген. Ли Сын Ман өзі үшін тиімсіз соғысқа сылтау болатын осындай жағдайды араңдатуға бейім. Мұндай араңда-тушылық әрекет екінші дүлқулы Чан Кай-шидің де қолынан келеді» деп жа-зады.

## МҰНАЙ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМГЕ ИРАН ҮКМЕТІНІҢ ҚОЛ ҚОЮЫ

ТЕГЕРАН, 19 сентябрь. (СОТА). Бүгін Тегеранда Иран үкметі халықаралық конфорциум деп аталатынмен мұнай келісіміне қол қойды деп хабарлады. Бұл келісім Меджлистің бекітілуіне талсыр-луда тиіс.

Редактор Ф. МУХАМЕДЖАНОВ.

## Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«ГҮЛДІ ӘИЕЛ»

Сеанстар сағат 5, 7, 9 және 11-де

басталады.

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«БІЗ СІЗБЕН БІР ЖЕРДЕ

КЕЗДЕСКЕН СЫЯҚТЫМЫЗ»

Сеанстар сағат 4-30, 6-30, 8-30 және

10-30-да басталады.

## КОНДРАТОВ МЕМЛЕКЕТТІК ПИТОМНИГІ

Күздің ағаш егу маусымында себетін және отырғызатын түрлі ағаш бұталары және жеміс-жидек ағаштарының тұқымдарын сата-ды.

Адрес: Солтүстік Қазақстан об-лысы Петропавл ауданы, Петер-фельд почта бөлімшесі, Кондра-товка ағаш питомнигі.

Тезарада түпкілікті жұмысқа «Газ АА» автомашинасында жұ-мыс істеу үшін 2, немесе, 3 класс шофері КЕРЕК.

Жұмысқа қабылдау тәртібін Ленин көшесі, 21 үйге келіп, об-лыстық баспаханадан білуге бо-лады.